



САМҰРЫҚ
КАЗЫНА



Болашақ бүгіннен басталады

Жылдық есеп
I томы

2017



САМУРЫК
КАЗЫНА



МАЗМҰНЫ

ҚОСЫМША

Глоссарий

Байланыс ақпараты

90

94

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары және құрылымы	58
2017 Жылдың басты оқиғалары және 2018 жылға белгіленген жоспарлар	60
Жалғыз акционер	62
Директорлар кеңесінің бейіні және Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп	64
Басқарма бейіні және Басқарма қызметі туралы есеп	82
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделі мәмілелердің тізілімі	85
Директорлар кеңесіне және басқарма мүшелеріне сыйақы беру	86

3

ШОЛУ

Директорлар кеңесі Төрағасының Алғысөзі

7

Басқарма Төрағасының Алғысөзі

12

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2017

89

15

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Миссиясы, болжамы және стратегиялық бастамалар	16
Экономика және сыртқы ортаға шолу	18
Даму стратегиясы және ҚБК	26

57

33


БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

Есептік кезеңнің басты оқиғалары және есептік күннен кейінгі оқиғалар	34
2017 Жылға қаржылық шолу	36
Трансформациялау бағдарламасы	42
Жекешелендіру бағдарламасы	47
Инвестициялық қызмет	50
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	53



ШОЛУ

Директорлар кеңесі Төрағасының Алғысөзі
Басқарма Төрағасының Алғысөзі





«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы – Қазақстан Республикасының Үкіметі Жалғыз акционері болып табылатын және Миссиясы Қазақстан Республикасының әл-ауқатын арттырудан және болашақ ұрпақтың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуден құралатын Қор.

Қор өз Миссиясын олардың ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуын арттыру үшін Портфельдік компанияларды тиімді басқару арқылы компаниялардың тиімділігін арттыру арқылы орындайды.

Қордың болжамы және қызметінің тиімділігін бағалау критерийлері

Ұзақ мерзімді келешекте біз Қорды – жоғары қаржылық көрсеткіштерді, инвестициялардан түсетін кірісті және өзінің активтер портфелін жетекші тәуелсіз әл-ауқат қорлар деңгейінде дамытуды қамтамасыз ететін инвестициялық холдинг ретінде көреміз.

Қордың белестерге қол жеткізуі және стратегиялық мақсаттарды орындауы үшін Қор төрт стратегиялық бастаманы орындауға шоғырланады:

- ▶ Компаниялардың рентабельдігін арттыру
- ▶ Қоржынның құрылымын оңтайландыру
- ▶ Кірістерді әртараптандыру
- ▶ Корпоративтік басқару және тұрақты даму

Қор тобының құрылымы



*Акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі Қор Басқармасының 07.03.2017ж. №08/17 шешімімен бекітілген заңды тұлғаларды жіктеу әдістемесіне сәйкес.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген компаниялар тізімі

	Иелену үлесі	
	2017	2016
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес ұйымдары	90,09%	90 %-1
KMG Kashagan B.V.	100 %	100 %

СЕГМЕНТ | МҰНАЙ-ГАЗ

	Иелену үлесі	
	2017	2016
«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	100 %	100 %
«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	100 %	100 %

СЕГМЕНТ | ТАУ-КЕН-ӨНДІРУ

	Иелену үлесі	
	2017	2016
«Қазақстан Инжиниринг» АҚ және еншілес ұйымдары	100 %	100 %
«Біріккен химиялық компания» ЖШС және еншілес ұйымдары	100 %	100 %

СЕГМЕНТ | ӨНЕРКӘСІПТІК

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген компаниялар тізімі

	Иелену үлесі	
	2017	2016
«Самұрық-Энерго» АҚ және еншілес ұйымдары	100 %	100 %
«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстандық компания» АҚ («KEGOC») және еншілес ұйымдары	90% + 1	90% + 1
«КОРЭМ» АҚ	100 %	100 %

СЕГМЕНТ | ЭНЕРГЕТИКА

	Иелену үлесі	
	2017	2016
«Қазпошта» АҚ және еншілес ұйымдары	100 %	100 %
«Қазақтелеком» АҚ және еншілес ұйымдары	51 %	51 %

СЕГМЕНТ | КОММУНИКАЦИЯ

	Иелену үлесі	
	2017	2016
«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	100 %	100 %
«Эйр Астана» АҚ («Эйр Астана»)	51 %	51 %
«Атырау Халықаралық Әуежайы» АҚ	100 %	100 %
«Ақтөбе Халықаралық Әуежайы» АҚ	100 %	100 %
«Павлодар Әуежайы» АҚ	100 %	100 %
«Qazaq air» АҚ	100 %	100 %
«Air Kazakhstan» Авиациялық компаниясы» АҚ	53,55 %	53,55 %

СЕГМЕНТ | ТАСЫМАЛДАУ


	Иелену үлесі	
	2017	2016
«Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ және еншілес ұйымдары	100 %	100 %
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	100 %	100 %
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	100 %	100 %
«СК Бизнес Сервис» ЖШС және еншілес ұйымдары	100 %	100 %

СЕГМЕНТ | ӨЗГЕ


Қызметінің басты көрсеткіштері

Қаржылық көрсеткіштер


Кіріс, млрд теңге




ЕБИТДА MARGIN, %




Акционер үлесіне шоғырландырылған таза пайда, млрд теңге




Меншікті капитал, млрд теңге




Активтер, млрд теңге




ROE (меншікті капиталдың пайдалығы), %



ROA (активтердің пайдалығы), %



Сатып алу қорытындылары бойынша үнемдеу, млрд теңге




* қайта есептелді


**өткізілмеген бәсекелестік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен қоса алғанда, бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру қорытындылары бойынша 2017 жылы қол жеткізген үнемдеу.

Қаржылық емес көрсеткіштер


Қор тобы бойынша персонал саны, мың адам




Қор тобы бойынша персоналдың тартылу дәрежесі, %




Қор тобы бойынша персоналдың тұрақсыздығы, %




Қор бойынша персоналдың тұрақсыздығы, %




Әлеуметтік тұрақтылықтың рейтингі, %



Қор бойынша персоналдың тартылу дәрежесі, %



Демеушілік және қайырымдылық көмек, млн теңге



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ



**«Самұрық-Қазына» АҚ
Директорлар кеңесінің
төрағасы –
Қазақстан
Республикасының
Премьер-Министрі**

**САҒЫНТАЕВ
БАҚЫТЖАН
ӘБДІРҰЛЫ**

Құрметті әріптестер, серіктестер, инвесторлар!

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев алға қойған басты міндет — елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қабілетті экономикалық өсудің жаңа моделін құруды басшылыққа отырып, Қазақстан төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде кіреді.

Отын-энергетика, көлік-логистика, химия, тау-кен металлургия, машина жасау және жылжымайтын мүлік сияқты экономиканың негізгі секторларында құны 72 млрд АҚШ доллары болатын елдің ірі өндірістік активтерін шоғырландыратын «Самұрық-Қазына» АҚ осы міндетті шешуде және Қазақстанның экономикасын тұрақты дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Холдинг 2017 жылды жеткілікті табыспен аяқтады.

Жылдың қорытындысы бойынша акционердің үлесіне «Самұрық-Қазына» АҚ таза шоғырландырылған пайдасы өткен жылмен салыстырғанда 32 %-ға өсті және 601 миллиард теңгені құрады.

Холдинг компанияларының шоғырландырылған активтері 1,7 триллион теңгеге (7,6 %) өсті және 24,2 триллион теңгеге жетті.

Холдинг салықтар мен төлемдер бюджетіне 787,6 миллиард теңгені төледі, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 29 %-ға көбірек.

2017 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік орталықтың бизнес-процестерін қайта инжинирингтеуді сәтті аяқтады, инвестициялық холдинг ретінде Қордың жаңа рөлін көрсететін жаңа Инвестициялық саясатты бекітті.

Ұлттық экономиканың өзегі болып табылатын Қордың ірі алты компаниясында — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ-да трансформациялаудың белсенді фазасы және компаниялардың операциялық модельдері мен бизнес-процестерін, басқару құрылымын жаңғыртуға байланысты түбегейлі өзгерістер басталды, компаниялардың IPO-ға шығуына дайындық жүргізіліп жатыр.

2017 жылы жоғарыда көрсетілген компаниялар іске асыратын трансформациялау жобаларының жалпы қоржыны өзінде 80 астам жобаны қамтиды. 2017 жылы аталған жобаларды іске асырудан түскен таза экономикалық нәтиже 40 миллиард астам теңгені құрады.

Осының бәрі «Самұрық-Қазына» АҚ әлемдік деңгейдегі тәуелсіз қор ретінде одан әрі қалыптасуы үшін маңызды қадам болып отыр.

Қор Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыруын жалғастырады. ТОП-65 тізбесіне кіретін ірі және күрделі активтерді бәсекелес ортаға бе-

руге ден қойылады, соның нәтижесінде Қор қосымша 94 миллиард теңге түсімге қол жеткізді.

Жалпы алғанда Қор қабылдайтын шаралар елдің экономикасын дамытуға оң ықпалын тигізеді. Бұл Қазақстанның инвестициялық сенімділігінің халықаралық рейтингінің тұрақты деңгейімен және әлем елдерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша ДЭФ рейтингімен расталып отыр, онда Қазақстан 55-орынға ие болды.

Үкімет Қазақстан Республикасы ұлттық әл-ауқатын арттыруға және ел экономикасын жаңғыртуды қолдауға көзделген «Самұрық-Қазына» АҚ стратегиясын одан әрі қолдайтын болады.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ



**«Самұрық Қазына» АҚ
Басқарма төрағасы**

**ЕСІМОВ АХМЕТЖАН
СМАГУЛҰЛЫ**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2017 жылы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ барлық басты стратегиялық көрсеткіштер бойынша өсімге қол жеткізді және жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтады. 2016 жылғы көрсеткіштен 146 млрд теңгеге асып, 2017 жыл қорытындылары бойынша акционердің үлесіне шоғырландырылған таза пайда 601 млрд теңгені құрады.

Қорда корпоративтік басқаруды жақсарту бойынша, сондай-ақ қоржын компаниялардың экономикалық тиімділігін арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр.

2017 жылы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ директорлар кеңестерінің құрамдарын тиісті салалық сараптамаға және халықаралық жария компанияларда жұмыс тәжірибесіне ие болған ең үздік халықаралық сарапшыларды тарту арқылы жаңарту бойынша жұмыс аяқталды, бұл алдағы IPO қарсаңында аса маңызды болып табылады.

Тәуелсіз әл-ауқат қорларының инвестициялық қызметін басқарудың озық тәжірибелеріне сәйкес әзірленген Қордың жаңа Инвестициялық саясаты бекітілді. Инвестициялау үшін: өнеркәсіптік автоматтандыру және инновациялар, агробизнес және тағамдық қайта өңдеу, инфрақұрылым және логистика басым салалар ретінде айқындалған.

2018 жылдың басына қарай Қор тобындағы компаниялардың жалпы саны 358 құрады. Жекешелендіру бойынша кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде Қор тобынан 129 заңды тұлға шығып кетті, ал иелену деңгейлерінің саны 6-ға дейін қысқартылды. Жекешелендіруден түскен жиынтық түсім 111,3 млрд теңгені құрады (2018 жылғы мамырдағы жағдай бойынша – 132 млрд теңге). Ағымдағы жылы біз шамамен 50 активті сатуды және алты ұлттық компанияны IPO-ға шығаруға дайындау бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлап отырмыз. 2018 жылғы қаңтарда бекітілген, Қордың оңтайландырылған құрылымы 37 бірліктің орнына 22 бірліктен құралады.

Қор сатып алуды жүзеге асыру тетігін қайта қарады, атап айтқанда, сатып алуы ішкі холдингтік кооперация шеңберінде жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі 10 есе қысқартылды (4,5 мың позициядан 424 позицияға дейін). Осы шара Қор компаниялары тобының сатып алу қызметінің тиімділігін арттыруға және елдегі орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға ықпалын тигізеді – бәсекелі ортаға 300 млрд теңгеге дейінгі сомаға 4 мыңнан астам позицияға сатып алу берілді.

Бизнес-процестерді одан әрі оңтайландыру мақсатында Қор компанияларының тобында кадрлық әкімшілендіру, жалақыны есептеу, әлеуметтік төлемдерді әкімшілендіру, персоналды жалға алуды басқару, аутстаффинг, шетелдік жұмыс күшін сүйемелдеу және т.б. секілді ескі үрдістерді біріктірген, персоналды басқарудың стандартталған HR Qyzmet моделі енгізілуде. 2017 жылғы қаңтардан бастап HR Qyzmet «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» АҚ, «Бірік-

кен химиялық компания» ЖШС, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС қызметтерін көрсетеді. Бұл жұмыс жалғасатын болады.

Қор тұрақты негізде компаниялар тобы қызметінің негізгі бағыттары бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, құжат айналымын қысқарту және т.б. мақсатында, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды. 2017 жылдың соңында GR функциясы (Government Relations) Қордың 14 ірі қоржын компаниясында құрылды.

Қордың 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру 2018 жылдың басты міндетіне айналмақ. Осы жылдың сәуір айында Мемлекет басшысы мақұлдаған Даму стратегиясы инвестициялық жобалар мен активтердің ағымдағы портфеліне өзгерістер енгізуді, қаржыны қайта инвестициялау жолдарын қайта қарастырды, кірістерді әртараптандыруды қамтамасыз етуді көздейді. Қысқа мерзімді кезеңде Қор қаржылық тұрақтылықты нығайту, қоржынды компаниялардың табыстылығы мен бәсекеге қабілеттігін күшейту бойынша ағымдағы мәселелерді шешуге баса назар аударады. Орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте Қор Қазақстан аумағында да, оның шегінен тыс жерде де инвестициялар мен активтердің әртараптандырылған жоғары кірісті қоржынын қалыптастыруға барлық күшін жұмылдырады. Шетелде тікелей бірлескен инвестицияларды жүзеге асыру үшін Қор жетекші тәуелсіз қорлармен және инвестициялық компаниялармен әріптестік қатынастарды реттеуге ниетті.

Трансформациялау бағдарламасының ең маңызды бастамаларының бірі адами капиталды дамытумен қатар цифрландыру немесе цифрлық трансформация болып отыр. Жаңа Стратегияда компаниялар тобының демеушілік және қайырымдылық қызметін жүзеге асыру тәсілі қайта қарастырылады – енді әлеуметтік инвестициялар адами капиталды (денсаулық сақтау, білім, жастардың кәсіптік білімі), зерттеулерді, ғылым мен инновацияларды дамытуға ықпал ететін жобаларға бағытталатын болады.

Таңдаған бағыттың дұрыс екендігін талдауға мүмкіндік беретін 2017 жылдың қорытындысын жинақтай келе және 2018 жылға арналған міндеттерді алға қойып, біз құралдардың қажетті жинағын, ең бастысы, алдымызда тұрған барлық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік туғызатын білімге, дағдылар мен құзыреттерге ие пікірлестер ұжымымен дұрыс бағытта келе жатырмыз деп нық сеніммен айта аламыз.

“

Акционердің үлесіне шоғырландырылған таза пайда

601

млрд теңге

“

Жекешелендіруден түскен жиынтық түсім

111,3

млрд теңге



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Миссиясы, пайымы және стратегиялық бастамалар

Экономика және сыртқы ортаға шолу

Даму стратегиясы және ҚБК

An abstract graphic composed of numerous thin, overlapping blue lines that form a series of flowing, wavy shapes. The lines are more densely packed in some areas, creating a sense of depth and movement. The overall effect is a dynamic, organic form that resembles a stylized wave or a ribbon.

Біздің құндылықтар

P

Әріптестік

Біз серіктестікте жұмыс істеп, өз командамызға сенім артамыз.

Біз команда мүдделерін өз мүддемізден артық қоямыз.

Біз мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді және сенімді қарым-қатынастарды орнатамыз.

R

Сыйластық

Біз айналамызға ұқыппен қараймыз.

Біз сенім мен құрмет принциптерін ұстанамыз.

Біз заңдарды орындап, салт-дәстүрлерге құрметпен қараймыз.

I

Тұтастық

Біз өз мойнымызға алған міндеттемелерді орындаймыз.

Біз айтқанымызды орындаймыз.

Біз әрдайым әділ және адалмыз.

M

Меритократия

Біз лайықты кәсіпқойларды таңдаймыз.

Біз мәртебесіне қарамастан, әркімге өз ойын білдіруге мүмкіндік береміз.

Біз жеткен жетістіктерді бағалай білеміз.

E

Кемелдік

Біз озық тәжірибе мен технологияларды пайдалана отыра, орынды, сапаның ең жоғары деңгейі бойынша жұмыс істейміз.

Біз қосымша құнды қалыптастыру үшін өзімізге жауапкершілікті аламыз.

Біз қызыққұмармыз, үнемі оқып білім аламыз және Қорды дамытамыз.

МИССИЯСЫ, БОЛЖАМЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР*

Стратегиялық мақсаттар

1

Компаниялардың тиімділігі

2

Қоржынды басқару

3

Тұрақты даму

*Сәуір айында Қорды басқару жөніндегі кеңеспен мақұлданған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Жаңа Даму стратегиясына сәйкес

Миссиясы

Қордың миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Болжамы

Жоғары қаржылық көрсеткіштерді, инвестициялардан түсетін кірісті және өзінің активтер портфелін жетекші тәуелсіз әл-ауқат қорлар деңгейінде дамытуды қамтамасыз ететін инвестициялық холдинг.

Стратегиялық бастамалар

1

Компания рентабельдігін арттыру

2

Қоржынның құрылымын оңтайландыру

3

Кірістерді әртарапандыру

4

Корпоративтік басқару және тұрақты даму

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ОРТАҒА ШОЛУ

ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА

Қор мен Қор тобындағы ұйымдардың қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акті 2012 жылғы 1 ақпандағы «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады.

Қорсондай-ақ ҚР Азаматтық кодексі, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) ҚР Кодексі, ҚР Бюджеттік кодексі, ҚР Еңбек кодексі, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және т.б. ҚР Заңдары секілді, жалпы заңнамалық актілердің нормаларын басшылыққа алады.

Оның үстіне, Қорға жекеменшік кәсіпкерлік субъектісі ретінде ҚР Кәсіпкерлік кодексінің күші, ал мемлекеттік аудит субъектісі ретінде – «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңының күші қолданылады.

Қор тобына кіретін ұйымдар сондай-ақ барлық жоғарыда аталған заңнамалық актілерді басшылыққа алады. бұдан басқа, олардың қызметі салалық заңдармен («Көлік туралы», «Теміржол көлігі туралы», «Пошта туралы», «Байланыс туралы», «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы» және т.б.) реттеледі.

Сонымен бірге Қор мен Қор тобының ұйымдары Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 және «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлықтары секілді актілердің ережелерін қолданады.

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңын іске асыруға орай мыналар қабылданды:


- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі №1202 қаулысымен бекітілген);
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы (Қорды басқару жөніндегі кеңеспен мақұлданған, 2018 жылғы 19 сәуірдегі №18-01-7.5 мәжіліс хаттамасы);
- ▶ Қазақстан Республикасы Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның өзара әрекеттестік туралы келісімі (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы №1599 қаулысымен мақұлданған);
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген);
- ▶ Мемлекеттік органдарға қажет есептілікті, сондай-ақ есептіліктің тізбесін, нысандарын және орналастыру кезеңділігін Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсында орналастыру ережесі (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы №1384 қаулысымен бекітілген);
- ▶ Ұлттық әл-ауқат қоры немесе Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұйым іске асыратын әлеуметтік маңызы бар және (немесе) индустриалды-инновациялық жобаларды пайдалылығы аз жобалар қатарына жатқызу ережесі (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 1427 қаулысымен бекітілген).

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТА

Қазақстан экономикасы Орталық Азия өңірінің ЖІӨ жалпы көлемінің 60%-ды құрай отыра, Орталық Азияда ең ірі және тұрақты экономика болып табылады. Мемлекет 1990 жылдардан бастап, екі онжылдықтан астам уақыт ішінде бірнеше даму кезеңдерінен өтіп, экономикалық өсімге қол жеткізген.

Көршілес салыстырмалы елдермен салыстырғанда халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ бірдей деңгейінен бастап, Қазақстанда 2017 жылы халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 8 913 мың АҚШ долл. құрады, бұл Өзбекстанға қарағанда 4 есе артық, және Қырғызстан мен Тәжікстанға қарағанда 8 есе артық.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШОЛУ



2017 жылы өсудің басты факторлары

Brent маркалы мұнай бағасы

Brent маркалы мұнай бағасы 2017 жылы орта есеппен бір баррель үшін 54,4 АҚШ долл. құрады (2016: бір баррель үшін 44 АҚШ долл.).

Мұнай өндіру

Қазақстанда мұнай өндіру жыл сайын 10,5%-ке өсіп, 2017 жылы 86,2 млн тоннаға дейін жетті. Қашағанда өндіру көлемі 8,3 млн тоннаны құрады.

Бюджеттік ынталандыру

2017 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыруға 243,3 млрд теңге бөлінді.

Монетарлы саясат

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені үш рет қысқартты - ішкі өсуді қолдау мақсатында 2017 жылы 12%-дан 10,25%-ға дейін.

Қазақстан экономикасы мұнай бағаларының арзандауына, теңгенің құнсыздануына және басты сауда әріптестермен арадағы өсімнің тежелуіне төтеп беріп, орнықты болып қалуда. Экономика бірте-бірте «жаңа қалыпты» ортаға бейімделуде.

2017 жылы өсу қарқындары негізінен тау-кен өндіру, өңдеуші және көлік секторлары есебінен, 2017 жылы ЖІӨ-нің 4,0%-ға өсуімен біршама арта түсті. Қолайлы сыртқы орта, соның ішінде күткеннен әлдеқайда жоғары, басты сауда әріптестерінің экономикаларының өсуі және шикізат тауарларына бағаларды қалпына келтіру ұлттық экономиканы одан әрі қолдауды қамтамасыз етті.

Сонымен бірге үкімет «Нұрлы жол» бағдарламасына 243,3 млрд теңге, ауыл шаруашылығын дамытуға 195 млрд теңге, қарқынды өнеркәсіптік инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде 76,1 млрд теңге және көліктік және коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 292,6 млрд теңге бөліп, бюджеттік ынталандыруды жалғастырды.

Сол уақытта, мұнайды неғұрлым жоғары өндірумен қатар мұнайға деген анағұрлым жоғары бағалар экономикалық өсу үшін қажетті серпінді қамтамасыз еткен. Қашағанда мұнайды өндіру 2017 жылы 8,3 млн тоннаны құрады немесе елдегі өндірістің жалпы көлемінен шамамен 9,5%-ды құрады. Қолдайтын сыртқы және ішкі динамикалар жыл ішінде теңгенің тұрақтануына ықпалын тигізді. Инфляция мен инфляциялық күтулер деңгейінің азаюы және ақша-несие саясатының біртіндеп жеңілдетілуі экономикалық өсудің жылдамдауына ықпал еткен (базалық мөлшерлеменің 12%-дан бастап 10,25%-ға дейін төмендеуі).

2018-2022 жылдарға арналған перспективалар

2018 жылы экономикалық өсу 3,8% деңгейде сақталатыны күтіледі, себебі (1) мұнайды өндірудің өсімі жалғасады, бұл мұнай-газ кен орны – Қашағанға байланысты, (2) тауар нарықтары өсіп жатқан әлемдік сұраныспен сақталады, (3) инфрақұрылымды дамыту экономикаға мультипликативтік әсерін тигізеді, және (4) Қазақстанның басты сауда әріптестері арасындағы неғұрлым күшті өсімі сауда және инвестициялық ағымдардың дамуына ықпал етеді. **2018-2022 жылдары ЖІӨ-нің өсімі жылына орта есеппен 4,1%-ды құрайтыны күтіледі.** Қазақстан экономикасының тау-кен өндіру секторы өзінің өсуінің толық әлеуетіне жетуіне қарай, көлік, құрылыс және өңдеуші өнеркәсіп секілді салалар болашақ өсудің қозғаушы күшіне айналады. **Қордағы 2017 және 2018 жылдарда басты қоржынды компанияларды трансформациялау мен жекешелендіру өсудің стратегиялық факторларына айналады, олар 2022 жылға дейін таяудағы төрт жыл ішінде Қазақстан үшін экономикалық құндылықты құру мен тұрақты өсудің басты компоненттеріне айналады.**


Ақша-несие саясатына қатысты, Ұлттық банк 2018 жылғы маусымдағы жағдай бойынша базалық мөлшерлемені төрт рет 9,0%-ға дейін 125 б.п. азайтты. Ақша-несие саясатының базалық мөлшерлемесі (1) теңгенің тұрақтылығына, (2) инфляциялық күтулерге, (3) ақша нарығының өтімділігіне, (4) кредиттің өсуіне және (5) банк секторында қайта долларлау қарқындарымен байланысты болады. Мұнымен бірге 2018 жылы инфляция 5-7%-ға дейін азаятыны күтіледі және 4кв18 мақсатты диапазонының төменгі шекарасынан төмен деңгейге жетуі мүмкін (2017: 7,1%).

Сыртқы саудаға қатысты, жалпы тауар айналымы 2018 жылы 87,99 млрд АҚШ долл. дейін шамамен 8,6%-ға ұлғаяды және экспорт пен импорт 9,4%-ға және 7,3%-ға өсетіні күтіледі, бұл анағұрлым күшті жаһандық өсуге, шикізат тауарларына анағұрлым жоғары бағаларға және басты сауда әріптестерінің экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға байланысты болады. Сөйтіп, ағымдағы шот сальдосы 2018 жылы ЖІӨ-нен -2,2%-ға дейін жақсаратыны күтіледі (2017: -3,0%). Қазақстанның жалпы тауар айналымы таяудағы төрт жылда біртіндеп артатыны күтіледі және 2022 жылға қарай 100 млрд АҚШ долларына жетеді.

Валютаға келетін болсақ, АҚШ долларына теңгені айырбастау бағамы 2017 жылғы қазанда теңге 345,11 АҚШ долларына дейін төмендеген соң, 4кв17 3,6%-ға нығайған соң 1кв18 4,2%-ға күшейді. 2018 жылғы 30 наурыздағы жағдай бойынша АҚШ доллары 318,73 теңге деңгейінде сатылады. Теңге өсудің жағымды динамикасы аясында 2018 жылы тұрақты болатыны күтіледі (2017: орта есеппен АҚШ долл. 326).

Brent маркалы мұнай бағасы 1кв18 ішінде 6,3%-ға өсті және 2018 жылғы 29 наурыздағы жағдай бойынша баррельге 70,27 АҚШ долл. жақындады. Соның салдарынан мұнай бағасы осы жылы 2018 жылғы 23 мамырдағы жағдай бойынша баррель үшін 79,84 АҚШ доллары деңгейінде шыңына жетті. 2018 жылы мұнайға бағаларды негізгі қолдау жаһандық экономикалық жағдайларды жақсартумен және геосаяси тәуекелдерден мұнайды тұрақсыз жеткізуден сұраныстың өсуі болып табылады. Дегенмен АҚШ-та қатпарлы тасты анағұрлым жоғары өндіру мұнайға бағаның одан әрі өсуін шектеуі мүмкін. Нарықтың ағымдағы динамикасын көрсете отыра, мұнай бағасы 2018 жылдың алғашқы бес айында орташа есеппен баррель үшін 69 АҚШ долларын құрады.

ОПЕК МҰНАЙДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ BRENT МАРКАЛЫ МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ ҮДЕРІСТЕРІ (2015-2018Ж. 31 МАМЫР)




Шикізат тауарларына бағалармен және шетел валютасымен байланысты, сыртқы сауда мен өнеркәсіптік өндіріс елдің негізгі теміржол операторының жүк тасымалдары көлемдеріне және өнімділігіне әсерін тигізуі мүмкін. Қазақстанның жүк айналымы елеулі дәрежеде ЖІӨ деңгейіне тәуелді, бұл табиғи ресурстардан елдің жоғары тәуелділігімен түсіндіріледі. 2018-2022 жылдары жүк айналымының өсуі транзиттік байланысты болады, ол әсіресе Қытайдан Еуропаға өсу үшін жоғары әлеуетке ие болады. 2020 жылға қарай үкімет транзиттік тасымалдар көлемін екі еселендіруді жоспарлайды. Сондықтан бағыттарды қысқарту және жаңа көлік дәліздерін ашу үшін жаңа теміржол желілері салынды. Қазақстанда жүк айналымының өсуі 2018 жылы және кейінгі кезеңде ұзақ мерзімді келешекте Қазақстан арқылы Қытай экспортын кеңейту мен экономикалық өсуді болжанған қалпына келтіруден пайда таба отыра, оң болатыны күтіледі.

ҚАЗАҚСТАН ONE BELT ONE ROAD ТАБЫСЫНДА БАСТЫ РӨЛДІ АТҚАРАДЫ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ ЖАҚСARTY YШІН BR БАСТАМАЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫ ЖАЛҒАСТЫРАДЫ




Ішкі көліктік-логистикалық орталықтар
Сыртқы көліктік-логистикалық орталықтар


Контейнерлік резерв көлемі, Қытай-Еуропа-Қытай, мың. ЖФЭ



Контейнерлік резерв көлемі, Қытай-Кавказ-Түркия, мың. ЖФЭ



Контейнерлік резерв көлемі, Ресей, Қытай-ОА және басқалары, мың. ЖФЭ



Дереккөз: ҚТЖ, Самұрық-Қазына Зерттеулер бойынша командасы

2Ж16 байқалған өсуді ескере отыра, жаһандық экономикалық белсенділік 2017 жылы арта түсті, оған дамыған экономикасымен ірі елдер (Жапония, еуроаймақ), Азияның дамып жатқан экономикалары (Қытай) және Ресей ықпалын тигізген, ондағы өсу нәтижелері күткеннен жоғары болған. Анағұрлым күшті ішкі сұраныстың (тұтыну мен инвестициялар) және жақсартылған сыртқы сұраныстың үйлесуі неғұрлым күшті жаһандық жағдайларға сәйкес өсудің жалпы қарқынын сақтап отырды. Қысқа мерзімді келешекте неғұрлым теңдестірілген тәуекелдер аясында Халықаралық валюта қоры 2018 жылы 3,9% деңгейде ЖІӨ жаһандық өсуді болжайды, бұл алдыңғы болжамға қарағанда 0,2%-ға артық. Сонымен бірге Дүниежүзілік банк 2018 жылы 3,1% деңгейде жаһандық өсудің анағұрлым бірқалыпты перспективаларын ұстанады.


Өңірлік экономикаға келетін болсақ, Ресейде өсу қарқыны нақты жалақының өсуі мен тұтынушылардың сеніміне, сондай-ақ қазыналық қысымды азайтуға әсерін тигізе отыра, мұнайға бағаның өсуді көрсетіп, жылдамдатылды. 2017 жылы ЖІӨ өсуі 1,5%-ды құрады. Инфляция орталық банктің нысаналы көрсеткішінен 4%-ға төмен, бұл тұтынудың өсуі мен жиынтық сұранысты қамтамасыз ете отыра, реттеушіге басты пайыздық мөлшерлемені одан сайын азайтуға мүмкіндік береді. 2018 жылы ЖІӨ-нің 2,0%-ға дейін өсуі болжанып, жағымды өсудің жалғасатыны күтіледі.

Мұнай мен металл өнімі үшін Қазақстанның ірі экспорттық нарығы болып табылатын Қытай ЖІӨ-нің өсуіне қол жеткізіп, ол 2017 жылы 6,9% деңгейде нарықтың күтулерінен басым түсті. Бұл 2010 жылдан бастап Қытайдың ЖІӨ өсу қарқындарын алғашқы жылдамдату және ресми көрсеткіш болған 6,5%-дан жоғары болды. Өсудің жылдамдауы үй шаруашылықтарын тұрақты тұтынумен және негізгі құралдарға инвестициялармен сақталды. Желтоқсандағы статистика 2018 жылы өсудің бірқалыпты, бірақ тұрақты қарқынына көрсетеді, нысаналы облыстарда жүзеге асырылатын, оңтайландыру бойынша реформалар мен экономиканы қайта теңдестіру есебінен орта мерзімді келешекте ЖІӨ-нің орта есеппен 6,2-6,5% деңгейде өсуі болжанған.

Осы тәрізді, Еуропа 2016 және 2017 жылдардың аяғында экономикалық қызметте оң нәтижелерін көрсеткен. Өсу Германия, Франция, Италия мен Испания үшін күтулерден жоғары болды. Сатып алулар бойынша менеджерлердің индекстері бойынша сенімді деректер өсудің жалғасуы туралы және бұрын күткенге қарағанда, анағұрлым жоғары ішкі сұраныс туралы куәландырады. Сөйтіп, өңірдегі ЖІӨ өсуі 2017 жылы 2,3% деңгейде постағдарыстағы шыңына қол жеткізді, ал Еуропалық орталық банк 2018 жылы 2,4% деңгейде өсуді болжайды.

Қытайдың, Ресей мен Еуропаның жағымды экономикалық көрсеткіштері сауда, шикізат тауарларының бағасы және инвестициялық кірістер арқылы Қазақстан экономикасының жағдайына, сонымен қатар қаржы нарықтарында сенімділік пен тұрақтылық деңгейіне жанама түрде әсерін тигізеді. Қытай мен Ресейдің үлесіне ел экспортының жалпы көлемінен тиісінше 12% және 9%-ы келеді, ал сол уақытта еуропалық елдер жиынтығымен экспорттың жалпы көлемінен шамамен 50%-ын құрайды.

ЭКСПОРТ ӨҢІРЛЕР/ЕЛДЕР БОЙЫНША (2017 Ж.)



Дереккөз: Статистика комитеті, Самұрық-Қазына Зерттеулер бойынша командасы

Сыртқы факторлар 2018 жылы өсуге әлеуетті ықпал етуі мүмкін

Шикізат тауарларының бағасы

Мұнай ЖІӨ-нің 20%-ын, мемлекеттік кірістердің 50%-ын және экспорттың 60%-ын құрайды.

Басты сауда әріптестерінің экономикалық көрсеткіштері

Негізгі сауда әріптестер болып табылатын Қытай мен Ресей Қазақстанға сауда және шикізат тауарларына арналған бағалар арқылы әсерін тигізеді.

Басты сауда әріптестерінің валюталық динамикасы


Ресейдің валюталық бағам динамикасы Қазақстанның сауда бәсекеге қабілеттілігіне және валюталық саясатқа әсерін тигізеді.

АҚШ саясаты

АҚШ-тың ақша-несие және өзге саясаттары жаһандық қаржылық көрсеткіштерге және дамыған нарықтарда капитал ағымдарына әсерін тигізеді.

Қазақстан: өсу диаграммалары


ЖІӨ ӨСУ ЖӘНЕ BRENT МАРКАЛЫ МҰНАЙ БАҒАСЫ




USD-KZT ДИНАМИКАСЫ




СЫРТҚЫ САУДА, МЛРД АҚШ ДОЛЛ.




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР, МЛРД АҚШ ДОЛЛ.



БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Ұлттық банкі, Bloomberg, Зерттеулер бойынша команда, диаграммалар 2018ж. 8 маусымдағы жағдай бойынша дайындалды.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚБК

Қордың стратегиялық мақсаттары

КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ

Қордың стратегиялық ҚБК

Инвестицияланған капиталдың пайдалығы (ROIC)*

Акционердің үлесіне таза пайда*

Дамуға және дивидендтерге арналған бос ақшалай қаражат

2017 жылдың негізгі жетістіктері

4,5%

Инвестицияланған капиталдың пайдалығы (ROIC) макроортадағы оң өзгерістер, жобаларды тұрақты орындау, өнімділікті арттыру және Қордың қоржынды компанияларында шығындарды оңтайландыру есебінен 4,5%-ды құрады.

601 млрд теңге

Акционердің үлесіне нақты таза пайда 601 млрд теңгені құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 32%-ға артық.

521 млрд теңге

Қор даму мен дивидендтер үшін бос ақша қаражатының жағымды динамикасын көрсетеді, олар 521 млрд теңгені құрады.

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАНУЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Тұрақты даму

Корпоративтік басқару рейтингі

Жаңа және өсіп жатқан компанияларға инвестициялар көлемі

Тұрақты даму саласындағы есеп

Корпоративтік басқару
рейтингі – В**

21
млрд теңге

2017 жылы қыркүйекте 2016
жылға тұрақты даму саласындағы
алғашқы есеп бекітілді.

- ▶ Корпоративтік басқару диагностикасы бойынша жоба іске асырылды;
- ▶ Корпоративтік басқару рейтингтері 2017 жылы 6 ҚҚ берілді: ҚМГ, ҚТЖ, СЭ, ҚАӨ, Казпошта және КЕГОК.

2017 ж. өсіп жатқан компанияларға инвестициялардың нақты көлемі 21 млрд теңгені құрады. ҚҚ инвестициялық жобалары бойынша әлсіз атқару тәртібі негізінен келесінің есебінен болған:

- ▶ БХК екі жобасын іске асыру мерзімдерінің жылжуы;
- ▶ ТКС жобалары Қазцинктен 150 млн АҚШ долл. көлемінде алған дивидендтер есебінен қаржыландырылды.

2017 жылы қызметінің оң нәтижелері ең бастысы макроэкономикалық және нарықтық жағдайларға байланысты.

*2017 жылы Қор қызметінің экономикалық тиімділігі ROIC және портфель бойынша таза кіріс негізінде бағаланды.

**Дауыс беруші акцияларының елуден артық пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесіне сәйкес.

Орнықты даму саласында басты бастамалар



Қоржынның басқарылуын жақсарту

- Инвестициялық саясат қайта қаралды және Директорлар кеңесімен мақұлданды;
- Инвестициялық-стратегиялық комитет енгізілді;
- ҚМГ БӨ акцияларын қайта сатып алу туралы ҚМГ БӨ тәуелсіз директорларымен және миноритарияларымен уағдаластыққа сәтті қол жеткізілді.



Жекешелендіру

2017 ж. 31 желтоқсанға Жекешелендіру Бағдарламасын іске асырудың тұрақты ілгері дамуы.

- 107 компания Қор тобынан шықты;
- 2017 ж. 31 желтоқсанға қарай жекешелендіруден түскен түсімдер 111,32 млрд тг. құрайды


Жекешелендірудің Кешенді жоспарына енетін компаниялар	215*
ҚР экономикасын жаңғырту мәселелері бойынша Мемлекеттік комиссиямен келісілді	161
ІРО-ға шығу картасы мақұлданды/страт.инвесторға сату	9
Мемлекеттік комиссияға шығарылады және 2018 жылы сатылады	30

*ҚР Үкіметінің 11.04.17ж. №194 қаулысымен Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілген активтер тізбесіне өзгерістер енгізілді.



Трансформация

- «Қазатомпром» ҰАК» АҚ-да «Сандық кеніш» ақпараттық жүйесі іске қосылды;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да «Сандық кен орны» автоматтандырылған жүйесі іске асырылуда.




Қордың жаңа функционалдық модельге көшуі

- 2017 қыркүйек, HR қызмет көрсетудің жалпы орталығы іске қосылды, 13 компанияны, 23 мың қызметкерді қамтиды;
- 8 ҚК ішінде CEO-1 және CEO-2 үшін Job Matching аяқталды;
- GE Digital-мен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.




Дамып келе жатқан компанияларға инвестициялар

- БХК: 2 жобаны іске асыру мерзімдерінің жылжуы;
- ТКС: жобалар Қазцинктен 150 млн долл. көлемде алған дивидендтер есебінен қаржыландырылды.
- Qazaq Air: әуе кемелерін алуды қаржыландыру құрылымын өзгерту.



Қаржылық тұрақтылық

- 2016 ж. көрсеткіштер 27.01.2017ж. жаңа редакциядағы Қарызды басқару және қаржылық тұрақтылық саясатының әдістемесіне сәйкес қайта есептелді.



ҚОРДЫҢ 2018-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қордың Даму стратегиясын өзгертудің басты алғышарттары



Қорды басқару кеңесі Қордың 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын 2018 жылғы сәуірде мақұлдады.

Жаңа Даму стратегиясында үш басты мақсат анықталған. Осы мақсаттарға қол жеткізу төрт стратегиялық бастама шеңберінде іске асырылатын болады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



Компаниялардың тиімділігі



Қоржынды басқару



Тұрақты даму

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР



Компаниялардың рентабельдігін арттыру

- ▶ Қаржылық тұрақтылық
- ▶ Бизнесі оңтайландыру
- ▶ Компаниялар синергиясы
- ▶ Трансформация, Цифрландыру, Автоматтандыру
- ▶ Ұйымдастырушылық қайта құрылымдау



Қоржынның құрылымын оңтайландыру

- ▶ Жекешелендіру
- ▶ Заңды тұлғаларды қысқарту
- ▶ Инвестициялық жобаларды қайта қарастыру
- ▶ Стратегиялық емес активтерден шығу



Кірістерді әртараптандыру

- ▶ Инвестициялық қоржынды қайта теңдестіру
- ▶ Қазақстанда жаңа секторға инвестициялар
- ▶ Халықаралық инвестициялар
- ▶ Стратегиялық әріптестерді тарту
- ▶ Капитал мен өсудің жаңа көздерін тарту



Корпоративтік басқару және тұрақты даму

- ▶ Тиімді корпоративтік басқару
- ▶ Адами капиталын дамыту
- ▶ Тұрақты даму саласында бастамалар
- ▶ Корпоративтік рейтингті арттыру
- ▶ Демеушілікті қайта қарастыру



БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

Есептік кезеңнің басты оқиғалары және есептік күннен кейінгі оқиғалар

2017 жылға қаржылық шолу

Трансформациялау бағдарламасы

Жекешелеңдіру бағдарламасы

Инвестициялық қызмет

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

A large, abstract graphic composed of numerous thin, overlapping green lines that form a series of flowing, wavy shapes. The lines are more densely packed in some areas, creating a sense of depth and movement. The overall effect is a dynamic, organic form that resembles a stylized wave or a ribbon.

Қаңтар

- ▶ КЕГОК мерзімінен бұрын ЕБPP несиесін \$151,9 млн сомасына өтеген.

Наурыз

- ▶ 2017 жылғы 30 наурызда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің шешімімен Sumitomo Corporation «SARECO» БК» ЖШС-нің жарғылық капиталына қатысуының 49% үлесін сатып алу мақұлданды.
- ▶ Алматыда «Қазақтелеком» АҚ-ның желілерді басқарудың Бірыңғай желісін ресми іске қосу өткізілді.

Маусым

- ▶ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және әлемдік атом саласындағы жетекші компаниялар – Cameco Corporation, Uranium One Inc., CGN мен AREVA арасында «Астана ЭКСПО-2017» алаңында меморандумға қол қою.
- ▶ «Тау-Кен Самұрық» МТК» АҚ Шалқия жобасын қаржыландыру үшін Еуразиялық Қайта құру және Даму Банкімен (ЕҚДБ) кредиттік келісімдерге қол қою.

Тамыз

- ▶ Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың және МАГАТЭ Бас директоры Юкия Аманоның қатысуымен МАГАТЭ Төмен байытылған уран банкінің (ТБУ) ғимаратын ҚР-да ашудың салтанатты рәсімі.
- ▶ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасы болып Ғалымжан Пірматов тағайындалды.
- ▶ «Біріккен химиялық компания» ЖШС химиялық өнеркәсіп саласында BASF жетекші әлемдік компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
- ▶ «Жас Өркен» тағылымдамалар бағдарламасы конкурсының 20 жеңімпазы ұлттық компанияларға тағылымдамаға жіберілді.

Қазан

- ▶ «Самұрық-Қазына» Қоры Егеменді әл-ауқат қорларының институты жасаған, Public Investor 100 рейтингінде 15-орынды иеленді (Sovereign Wealth Fund Institute).
- ▶ Standard&Poor's «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін ВВ «Позитивтік» болжамнан ВВ+ «Тұрақты» болжам деңгейіне дейін арттырды. Ұлттық шкала бойынша компания рейтингі «kzA+» деңгейінен «kzAA-» деңгейіне дейін арттырылды.
- ▶ Қазақстандағы Инвестор күні «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының өкілдері қатысуымен Гонконгта өткізілді.
- ▶ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ашық екі кезеңді конкурс барысында «Евро-Азия Эйр» АҚ-ның еншілес компаниясына акциялар пакетінің 100%-ын сатты.

Желтоқсан

- ▶ Ұлыбританияның Халықаралық сауда министрлігімен бірлесіп «Самұрық-Қазына» АҚ-мен ұйымдастырылған Қазақстандық-Британдық іскери кеңестің II отырысы, Лондонда өткізілді.
- ▶ Астанада «Қазпошта» АҚ-ның Сандық кеңесі ашылды: гибриді банкоматтар, электрондық кассир, почтомат, жөнелтілімдер супермаркеті және post.kz барлық мүмкіндіктері.
- ▶ Ахметжан Есімов «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.

Ақпан

- ▶ Астанада дипломатиялық корпусың, ірі халықаралық компаниялардың өкілдері, инвесторлар мен банкирлер үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның брифингі өтті.

Сәуір

- ▶ Лондон Қор Биржасының алаңында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Инвестор күні өтті, соның аясында британдық және халықаралық инвесторлар үшін «Air Astana» АҚ мен «Қазатомөнеркәсіп» АҚ, Қордың Жекешелендіру бағдарламасы мен Даму стратегиясының алдын ала таныстырылымы өткізілді.
- ▶ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және Areva Қазақстанда уран өндіруді дамыту туралы келісім жасасты.

Шілде

- ▶ «Қазақтелеком» АҚ ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп медициналық қызметкерлер үшін бірыңғай электрондық почта сервисін іске қосу бойынша жобаны іске асырды @med.mail.kz.

Қыркүйек

- ▶ Жамбыл облысында «Бурное» күн электр станциясының екінші кезегін салу басталды.
- ▶ Егеменді әл-ауқат қорларының Халықаралық форумының IX жыл сайынғы мәжілісі шеңберінде (IFSWF) «Самұрық-Қазына» АҚ GE, Дүниежүзілік банкпен және Италияның егеменді қоры CDP Equity ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды.
- ▶ «Самұрық-Қазына» жаңартылған инвестициялық саясаты қабылданды және тұрақты даму саласында есеп бекітілді.

Қараша

- ▶ «Интеграцияланған газ-химиялық кешен құрылысы» жобасының ЕРС-келісімшарты бойынша жұмыстар басталды (бірінші фаза – полипропилен өндірісі).

2018 жыл

Қаңтар

- ▶ Басқарушы директорлар санын 10-нан 5-ке дейін қысқартуды, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер санын оңтайландыруды көздейтін, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жаңа ұйымдық құрылымы қолданысқа енгізілді.

Ақпан

- ▶ ҚР Үкіметінің баспасөз-орталығында «Сатып алулар жүйесін жетілдіру және реформалау» тақырыбы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ брифингін өткізді.

Наурыз

- ▶ ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Біріккен Араб Әмірлігіне ресми сапары аясында ҚР Үкіметі, «Самұрық-Қазына» АҚ, «БХК» ЖШС және австриялық компания және Borealis арасында Атырау облысында полиэтилен өндірісінің жобасы бойынша ынтымақтастықтың негізгі талаптары туралы Келісімге қол қойылды (жылына 1,250 млн тонна).
- ▶ М.Тынышпаев ат. Қазақ көлік және коммуникация академиясы 10,2 млрд теңгеге іске асырылды.

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢНІҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Сәуір

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Инвестор күні Шанхай қор биржасында өткізілді.
- ▶ Н.Назарбаевтың төрағалық етуімен Қорды басқару бойынша кеңес 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын және жаңартылған Трансформация бағдарламасын мақұлдады.
- ▶ Fitch «BBB» деңгейінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ұзақ мерзімді рейтингтерін растады, «Тұрақты» болжамы.
- ▶ «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және сатып алушы арасында 9,450 млрд теңге сомасына «Транстелеком» АҚ-ның 26% минус 1 акциясын сату туралы Шартқа қол қойылды.

Мамыр

- ▶ Қазақстанда инвестициялық мүмкіндіктерге арналған, Санкт-Петербург қаласындағы «Самұрық-Қазына» арнайы сессиясы, ПМЭФ-2018 шеңберінде ұйымдастырылды.
- ▶ Қанат Құдайберген «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма Төрағасы етіп тағайындалды.
- ▶ Бақытжан Жоламанов «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы етіп тағайындалды.
- ▶ ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қазақстандық кәсіпкерлікті реттеуді жетілдіру бойынша түзетулерге қол қойды.

Июнь

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ активтері Пекин қаласындағы Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің 5-отырысы барысында ұсынылды.

2017 ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

2017 жылы Қор Тобы 2016 жылмен салыстырғанда негізгі қаржылық көрсеткіштердің өсуін көрсетті.

2017 жыл қорытындылары бойынша шоғырландырылған түсім сомасы шамамен 5,1 трлн теңгені құрап, 2016 жылғы көрсеткіштен 1 трлн теңгеге немесе 26%-ға артты. Түсім өсімінің 57%-ын шикі мұнайдың, газдың және мұнай өнімдерінің қосымша көлемін сатылуын қамтамасыз етті.

Қор тобының шоғырландырылған активтері 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 24,2 трлн теңгені құрады, бұл 2016 жылғы сәйкес көрсеткішпен салыстырғанда 1,8 трлн теңгеге немесе 8%-ға артық. EBITDA және EBITDA margin 2017 жылдың қорытындылары бойынша 1 190 млрд теңгені және тиісінше 18,7%-ды құрады, ал 2016 жылдың қорытындылары бойынша сәйкес көрсеткіштер 982 млрд теңгені және 20,6%-ды құраған. Қордың Стратегиялық көрсеткіші – таза активтер құны – 2016 жылдан бастап 8% -ға ұлғайып, 6,8 трлн астам теңгені құрады.

2017 жылдың қорытындылары бойынша Қор мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін салықтар түрінде 787,6 млрд теңгеге арттырды. Жалпы және әкімшілік шығыстар шамамен 413 млрд теңгені құраған.

Жоғары нәтижелерге қарамастан, Қор негізгі энергия жеткізгіштерге бағаның құбылмалығына және валюталар бағамдарының ілеспе өзгерістеріне байланысты, 2018 жылға арналған салыстырмалы ұстамды болжамдарды белгілеп отыра.




*Таза активтердің есептеулерінен акционердің қосымша салымдары, акционерге үлестірулер және бағамдық айырмашылықтар секілді сыртқы факторлардың әсерлері алынып тасталды. Базалық жылға есептеу үшін 2008 жыл алынды.



**қайта есептелді

***EBITDA опер. = (Сатудан түсетін кірістер – Сатудың өзіндік құны – ЖӘШ* – ТСШ*) + (ӨҚ, ЖӘШ және СШ НҚ мен МЕА тозуы). 2015-2017 жылдарға операциялық EBITDA есептеу кезінде KMG International N.V. Толпан шықты деген болжам жасалған, демек, KMG International N.V. пайдасына шикі мұнайды сатудан түскен ішкі топтық кірістер операциялық кірістерде қалпына келтірілді (шоғырландырылған қаржылық есептілікке 5-қосымшаны қараңыз).

Сегменттер бойынша түсім




2016*(қайта есептелді)



2017

Шоғырланған түсім, млрд теңге

+1 056 млрд теңге



*Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2016 жылға шоғырландырылған есептілікке сәйкес келмейді, түзету туралы толық ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2 және 4 ескертпелерінде.

Өсудің 57%-дан астамын қамтамасыз ететін факторлар, млрд теңге

Өнім	Көлем факторы	Баға факторы	FOREX факторы
Шикі мұнай	+573	+118	(64)
Уранның шала тотығы-тотығы	+7	(55)	(10)
Алтын	+45	+2	(7)

Өсім БТА Банктің Қор алдында берешегін мерзімін бұрын жабуымен байланысты. Соның нәтижесінде

100

млрд астам теңге көлемінде дисконтты амортизациялау жүргізілді.



Пайыздық кірістер

+ 66 млрд теңге жүк айналымы көлемін орташа 10.7 %-ға артуы есебінен (тарифтік жүк айналымы 9,6%-ға);

+15 млрд теңге өзге қызметтер және жүк вагондарын операциялау.



Жүк тасымалдары

+ 98%,

негізінен ҚХР және Өзбекстанға газды қосымша сатуды есептік кезеңде жүзеге асыру, сондай-ақ тұтынушылар саны мен өнеркәсіптік кәсіпорындар өндірісі көлемдерінің артуы есебінен.



Газды сату

Негізінен электр энергиясы экспортын іске асыру көлемін

4 572 млн кВт*сағ

өсуі және ҚР бойынша 1 008 млн кВт*сағ өсуі нәтижесінде 1-ЭГРЭС түсімін арттыру есебінен.



Электр энергиясын іске асыру

Өсудің 43%-дан астамын қамтамасыз ететін факторлар, млрд теңге

Авиатасымалдар қызметтері және ілеспе қызмет көрсету



Ішкі және халықаралық әуе желілерінде (жаңа бағыттарды іске қосу және Астана қ. ЕХРО көрмесін өткізу есебінен), сондай-ақ орта тарифтің 5%-ға артуы есебінен (отын жинауды ескермей) жолаушылар айналымының

12%-ға

артуына байланысты.

Мұнайды тасымалдау



+41% ішкі нарықтан Атырау-Самара бағытында мұнай ағымдарын қайта бөлуден және Ақтау порты арқылы жеткізуден көлемдерінің өсуі есебінен, ресейлік мұнай транзиті көлемдерінің ұлғаюымен, сондай-ақ қашаған кен орнынан мұнайды тапсырумен;

+59%

орта тарифтің өсуі.

Мұнай өнімдерін сату




Негізінен сату бағасының өзгеру есебінен

28%-ға


өсу.

ҚК өндірістік көрсеткіштерімен ҚК ресми сайттарында жылдық есептерден танысуға болады. Пайдалар мен шығындар, активтер және Топтың операциялық сегменттерінің міндеттемелері туралы ақпарат 2017 және 2016 жылдарға элиминациясыз көрсетілген.


Сегменттер бойынша кезеңдегі пайда (шығын), млрд теңге




Сегменттер бойынша активтер, млрд теңге



Сегменттер бойынша міндеттемелер, млрд теңге



Қор тобының қаржылық тұрақтылығы




*2016 жылға көрсеткіштер 27.01.2017ж. жаңа редакциядағы Қарызды және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатының әдістемесіне сәйкес қайта есептелді.


**Соның ішінде 5 751 млрд теңге сомасына қаржы институттарынан алынған қарыздар/облигациялар.

***EBITDA – салықтар, амортизация (материалдық және материалдық емес активтер) және есептік күн алдындағы 12 айға пайыздық сыйақы бойынша таза кіріс.


Қаржы институттарынан 2017 жылы алынған қарыздар құрылымы



Қор тобында капитал құрылымының тиімділігі



Өтімділік коэффициенттері



2018 жылға арналған жоспарлар

Жоғары нәтижелерге қарамастан, Қор негізгі энергия жеткізгіштерге баға құбылмалығына және валюта бағамдарының ілеспе өзгерістеріне байланысты, 2018 жылға салыстырмалы ұстамды болжам жасайды. Қор 2018 жылы Таза активтер құнының 4%-дан кем емес өсуін күтеді. Активтер мен өз капиталының табыстылық көрсеткіштері өткен жылмен салыстырғанда, негізінен Қордың таза пайдасының өсуі есебінен (2016 жылмен салыстырғанда 161 млрд теңгеден артық) өсуін көрсеткен. 2018 жылғы анағұрлым ұстамды күтулерге қарамастан, жоспарланған көрсеткіштер соңғы 3 жылда орта мәннен жоғары болып отыр.

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2014 жылы Қордың және оның қоржынды компанияларының ауқымды Трансформациялау бағдарламасын іске асыру басталды.

Трансформациялау бағдарламасының негізгі бағыттары:

- ▶ Қоржынды компаниялар құнын арттыру;
- ▶ Инвестициялық қызметті жүргізуге Қор қоржынымен тәсілі құрылымын өзгерту;
- ▶ Қорды және қоржынды компанияларды басқару жүйесінде өкілеттіктер мен жауапкершілікті қайта бөлу.

Қор мен оның қоржынды компанияларының өзгеруі үш бағыт бойынша жүреді – адамдар, процестер, технологиялар.

Трансформациялау бағдарламасы компаниялардың операциялық тиімділігін сәйкес шетелдік компаниялардан төмен емес деңгейге дейін арттыруға бағытталған.

Әлемдік деңгейдегі Қор болып қалыптасу жолында

2017 жылғы мамырда Қор Корпоративтік орталықтың бизнес-процестерінің реинжинирингін сәтті аяқтады және әлемдік деңгейдегі егеменді қормен қалыптасу бойынша қозғалуды жалғастырады.

Анықтама үшін:

2000-нан астам бизнес-процестер қайта құрылды, қызметінің басты көрсеткіштерінің жаңа ағашы енгізілді, жаңа көлденең ұйым. Құрылым енгізілді, Қордың корпоративтік орталығының қызметкерлер құрамы 40%-ға жаңарды, сарапшылар, соның ішінде халықаралық егеменді қорлардан, инвестициялық компаниялардың және басқа халықаралық корпорациялардың сарапшылары қосылды. Сонымен қатар қазіргі кезде компанияларда белсенді енгізіліп жатқан, халықаралық тәсілдерді ескере отыра, 15 референсты модель әзірленген.


2017 жылғы қыркүйекте егеменді әл-ауқат қорларының IX Халықаралық форумы (IFSWF) алғаш рет ТМД аумағында сәтті өткізілді. Барлығы форум Қазақстан астанасында егеменді әл-ауқат қорларының, халықаралық ұйымдардың, трансұлттық компаниялар мен бизнестің 200-ден астам делегатын жинады.

IFSWF форумы аясында, Қор ынтымақтасу туралы үш алдын ала келісімге қол қойды:

- ▶ Дүниежүзілік банкпен, оның мақсаты «жасыл» даму облысында бірлескен әлеуметтік-экономкалық жұмыс болып табылады;
- ▶ General Electric Digital Қор Тобының өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін сандық экожүйенің тұрақтылығын құру саласында ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында;
- ▶ CDP Equity және «ҚазАгро» Холдингімен Қазақстан аумағында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы облысында жаңа өндірістік қуаттарды құру мақсатында.

2017 жылғы жетістіктердің бірі Қордың LMTI ашықтық индексі бойынша ең үлкен балл алғаны және топ-100 жариялы инвестор рейтингінде 15-орынды алғаны болған, сөйтіп Темасек, Ресейлік тікелей инвестициялар қорынан, Мубадала мен Казанахтан басып озды.

Ашықтықтың ең үлкен индексі (LMTI)



2017 жылғы 5-7 қыркүйекте Қор Астанада Егеменді әл-ауқат қорларының халықаралық форумының Жыл сайынғы мәжілісін ұйымдастырды (IFSWF)



Қоржынды компанияларды иелену құрылымын және заңды нысанын жеңілдету

600 заңды тұлғадан (9 иелену деңгейі) құралған, басқарудың күрделі құрылымы корпоративтік басқарудың кешенді рәсімдері мен қызметінің төмен ашықтығын білдірген.

2017 жылдың соңына қарай Қор тобында компаниялар саны 358 құрады. Иелену деңгейлерінің санын қысқарту аясында 6-ға дейін қысқарды (2017 жылғы жоспар бойынша 5-ке дейін).

Инвестициялауға активті тәсілді енгізу

Активті инвестор моделі қоржындыбасқарудың, инвестициялық қоржындеңгейінде өнімділікті талдау мен оңтайландырудың нақты стратегиясы негізінде инвестициялық шешімдерді қабылдауды және инвестициялық қоржындаактивтерді тиімді қайта үлестіруді көздейді. Инвестицияларды активті басқару Қор акционерінің табыстылығын арттырады және Қорға Қазақстан экономикасы үшін әлеуетті мультипликативтік тиімділігі бар салаларға басымдық бере отыра, өнеркәсіптің жаңа салаларына әртарапандыруға мүмкіндік береді.

2017 жылғы қыркүйекте Қор өзінің стратегиялық қаржы мақсаттарына қол жеткізу үшін жаңа Инвестициялық саясатты бекітті, ол Қордың инвестициялық қызметін реттейтін, негізін қалаушы құжат болып табылады және жалпы инвестициялық мақсаттар мен принциптерді анықтайды. Осы саясат жетекші егеменді әл-ауқат қорларының инвестициялық қызметін басқарудың үздік практикасына сәйкес әзірленді.

Осы айда Қормен Инвестициялық-Стратегиялық Комитет іске қосылды, ол инвестициялық-стратегиялық қызметті басқаруды біршама жеңілдетті және жетілдірді. ИСК құруға дейін инвестициялық қызмет мәселелері үш комитетте Қор қоржынынажәне оның компанияларының қызметіне тұтас көзқарассыз қарастырылды.

2017 жылы 100-ден астам идеяға талдау жасалды, 10 инвестициялық тұжырымдама аяқталды, оның ішінде 8 тұжырымдама ИСК-да қарастырылды, 8-і мақұлданды, 2-і ИСК-ға шығаруға әзірленуде.

Салаларға қатысты, Қор үш басым салаға шоғырланған:

- ▶ Өнеркәсіптік автоматтандыру мен инновациялар;
- ▶ Агро-бизнес және тағамды қайта өңдеу;
- ▶ Инфрақұрылым мен логистика.

Қор жүйесінде өкілеттіктердің, байланыстар мен жауапкершіліктің құрылымын қайта қарау

Қорда және барлық қоржынды компанияларда мемлекеттік органдармен өзара әрекетті күшейту үшін үздік әлемдік практикалардың мысалы бойынша GR функциялары құрылды. GR функциясының негізгі міндеті корпоративтік басқаруды халықаралық практика тұрғысынан жақсартуға, сонымен қатар мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың көлемін қысқарту бойынша шаралар жинағын әзірлеуге мұқтаж мемлекеттік органдармен, қолданыстағы заңнамаға түзетулер жинағын қоса алғанда өзара әрекеттің бағыттарын анықтау, салалық және тарифтік реттеуді жетілдіру, мемлекеттік органдармен құжат айналымын қысқарту және т.б. бойынша жұмыс топтарын құру болып табылады.

2017 жылдың аяғында GR функциясы Қор Тобының 14 ірі қоржынды компаниясында құрылды. Бұл ретте, Қор тобы бойынша мемлекеттік органдардан құжат айналымы 2014 жылмен салыстырғанда 16%-ға қысқарды, ал мазмұнды жауапты талап ететін құжаттар ағымын 2014 жылмен салыстырғанда 84%-ға дейін қысқартуға қол жеткізілді.

Трансформация басталған сәттен бастап Қор корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға үлкен көңіл бөледі. ЭЫДҰ жәрдемдесуімен Корпоративтік басқару кодексі әзірленді, Директорлар кеңестерінің салалық сараптамасы күшейтілді, компанияны стратегиялық басқару екіні арттырылды, ең үздік халықаралық сарапшылар тартылды, инвестициялар бойынша құзыреттер арттырылды, бұл алдағы IPO шеңберінде ерекше өзекті болып табылады.

Трансформация бағдарламасы басталған сәттен бастап трансформация периметріне енгізілген, барлық 6* қоржынды компанияның Директорлар кеңестері («ҚТЖ»ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ) Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жаңартылды.

** Солардың ішінде төрағасы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары болып табылатын, ҚТЖ және ҚАӨ Директорлар кеңесінің құрамдарын қоспағанда.*

Анықтама үшін:

HR трансформациясы

Трансформация бағдарламасы шеңберінде Қормен кадрлық функцияны трансформациялау бойынша ауқымды жұмыс (HR) іске асырылады, атап айтқанда үш деңгейлі модельді енгізу – бизнес-әріптестік, сараптама орталығы және жалпы қызмет көрсету орталығы.

2016 жылғы маусымда Қормен және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен Қордың қоржынды компаниялары мен ҚМГ еншілес ұйымдары үшін HR Қызмет жалпы қызмет көрсету орталығы құрылды, ол әр түрлі салалардың компанияларын қамту ауқымы бойынша Қазақстанда және Орталық Азияда аналогтарға ие болмайды.

HR Қызмет – бұл орталықтандырылған ұйым, оған кадрлық әкімшілендіру, жалақыны есептеу, әлеуметтік төлемдерді әкімшілендіру, персоналды жалға алуды басқару, аутстаффинг, шетелдік жұмыс күшін сүйемелдеу, жұмысшыларды оқыту мен қызметін бағалауды әкімшілендіру секілді, ескі кадрлық процестер шығарылған.

HR Қызмет енгізудің басымдықтары барлық компания-клиенттер үшін қайталанған ескі операцияларды біріздендіру мен стандарттау арқылы HR-процестерінің тиімділігін және көрсетілетін қызметтерді орындау сапасын арттыру болады.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап HR Қызмет өз жұмысын бастады және «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» АҚ, «Біріккен химиялық компания» ЖШС, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ секілді компанияларға қызметтер көрсетеді.

Өнімділіктің артуы – бірінші күннен бастап



Қоржынды компаниялар трансформациясы

Біздің компанияларымыздың қызметінің векторлары бизнестің клиентке бағытталу, бәсекеге қабілеттілік және диджитализацияландыру жағына қарай белсенді өзгеруде.

Бүгінгі күні «Самұрық-Қазына» Компанияларының тобында трансформацияның 80-нен астам жобасы іске асырылып жатыр және оларды іске асырудан болған таза экономикалық тиімділік бүгінде 28 млрд теңгені құрайды.

1. Лауазымдарға сәйкестігі (Job matching)

Қордың Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, сондай-ақ стратегиялық холдинг моделіне көшу шеңберінде, Қормен қоржынды компанияларда CEO-1 деңгейдегі лауазымдардың күшейтілген талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша жоба іске асырылады.

Компанияларда жаңа ұйымдық құрылымға көшу Қордың Директорлар кеңесінің қамқорлығымен жүзеге асырылады, Компанияларда Қор мен Компаниялардың тәуелсіз директорларының, HR Қоры, CEO Компаниялары өкілдерінің қатысуымен, кандидаттарды іріктеу бойынша (CEO-1 деңгейі) Комитеттер құрылды.

2016 - 2017 жылдары кадр құрамын орташа 20 %-ға жаңартумен (ішкі және сыртқы кандидаттарды ескере отыра) Қордың 8 компаниясында CEO-1 деңгейінде лауазымдарға сәйкестігіне (job matching) бағалаудан өтті.

2. Интеграцияланған жоспарлау жүйесін енгізу

2016 жылы төрт компанияда (Казпошта, ҚАӨ, СЭ, ҚТЖ) компаниялардың топ-менеджментін тарту, ҚК жұмыс топтарын оқыту және әлеуетті пайданы толық бағалау үшін ИЖЖ прототиптері аяқталды. 2017 жылы жүйені пайдалану басталды және алғашқы нәтижелер алынды.

«Казпошта» АҚ-да ИЖЖ қолдану бөлімшелерде көрсетілетін қызметтерді сатуудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Сатулардан түскен кірістерді жоспарлау процесін өзгерту бөлімшелер тобында тестілеуден өткен. Олардың нәтижелері басқа бөлімшелермен салыстырғанда үздік болып шықты – жалпы сатулар 900 миллионнан астам теңгеге өсті.

СЭ-да 1-ГРЭС-да ИЖЖ пайдалану отынның үлесті шығысын қысқартуға жол берген, бұл 2017 жылы 100 миллионнан астам теңгеге үнемдеуге әкелді. Пилоттық жоба нәтижелері бойынша тағы екі ЕТҰ-да ИЖЖ енгізулердің алғашқы толқыны іске қосылды.

ҚАӨ-де сонымен қатар енгізудің бірінші толқыны іске қосылды, соның барысында төрт өндіруші кәсіпорынның өндірістік қызметі модельденген, бұл 18 жылға ЕТҰ деректеріне кернеулі ҚБК қоюға мүмкіндік берген. 18 жылы бүкіл топтың жоспарларын шоғырландыруды іске асыру, сонымен қатар жоспарлаудың мақсатты процестеріне көшу жоспарланды.

ҚТЖ-да үлкен деректерді талдау және экономикалық параметрлерден, соның ішінде көршілес елдерден тәуелділіктерді анықтау есебінен арттырылған дәлдікпен сатулардың маркетинг жоспарын болжауға мүмкіндік беретін пилоттық атқарым тестіленген. 2017 жылдың нақты мәндерімен салыстырмалы талдау қорытындылары таңдалған әдістердің түзулігін растады және кейінгі жақсартулар үшін облыстарды айқындады. Болжау модулін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу бойынша, сонымен бірге вагон ағымдарының қозғалысын модельдеу үшін оңтайландырылған модельді әзірлеу бойынша жұмыстар басталды.

3. Сатып алудың жаңа моделін енгізу және санатты басқаруды енгізу

2016 жылы Қормен сатып алулар бойынша стандарттар бекітілді, олар Қоржынды компанияларға 2017 жылы сатып алу мен санатты басқару процестерін басқаруға кешенді тәсілді енгізуді бастауға мүмкіндік берді.

2017 жылы санатты басқаруды енгізу бойынша жұмыстар шеңберінде ҚТЖ, KEGOC, Казпошта және ҚАӨ 39 санатты стратегияны әзірледі және 2,3 млрд. астам теңгеге экономикалық тиімділікке қол жеткізілді.

4. Референсты модельдерді енгізу

2017 жылы Самұрық-Энерго, ҚАӨ, Казпошта, ҚТЖ және KEGOC компаниялары бірінші кезекте ендірілетін мақсатты процестерді айқындады және 2018-2019 жылдары аяқтау мерзімімен ERP базасында оларды автоматтандыру бойынша жобаларға бастау берілді. Казпошта мен ҚАӨ-де ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың нысаналы модельдеріне көшу бойынша жобалар аяқталды. ҚТЖ-да маркетинг пен сатулар, активтерді басқару мен жөндеулер бойынша мақсатты модельдердің процестер бөлігін енгізу 8,6 млрд теңге көлемінде таза экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік берді. Меритократия принциптері негізінде адами ресурстарды басқару бойынша бекітілген референсты модельге сәйкес мақсатты HR- процестер енгізілуде (жұмысшыларды іріктеу мен жалға алу, қызметін бағалау және т.б.).

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2015 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі 2016-2020 жылдарға арналған Кешенді жекешелендіру жоспарын қабылдаған, соның шеңберінде бәсекелі ортаға шамамен 900 активті беру жоспарланған болатын. Ауқымды жекешелендіру бағдарламасының мақсаты ҚР ЖІӨ-де мемлекеттің қатысу үлесін азайту, сонымен бірге ел экономикасын дамытуда жекеменшік секторының рөлін арттыру болды.

Кешенді жекешелендіру жоспарына Қор тобының 215 активі енді:

- ел үшін жоғары әлеуметтік-экономикалық мәнге ие болатын 48 ірі актив №1 тізбеге енді;
- 167 шағын және орта актив №2 тізбеге енді.

«Самұрық-Қазына» АҚ жекешелендірілетін активтер картасы



Егер 2016 жылы Қор шағын және орта активтерді іске асыруға басымдық берсе, ал 2017 жылы №1 тізілімнен ірі активтерді жекешелендіруде елеулі прогреске қол жеткізілді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Кешенді жекешелендіру жоспарын іске асыру шеңберінде Қор тобынан 129 заңды тұлға шықты, оның ішінде:

- ▶ 65 сатылды және бәсекелі ортаға берілді (2017 жылы 17 актив);
- ▶ 64 инвесторлардың қызығушылығы болмауына байланысты жоюға/қайта ұйымдастыруға жіберілді.

Жекешелендіруден түскен жиынтық түсім 111,3 миллиард теңгені құрады.

Анағұрлым маңызды, ірі жекешелендіру мәмілелері арасында «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Маңғыстау бөлгіш электр желілік компаниясы» АҚ, «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ, «Евро-Азия Эйр» Авиакомпаниясы» АҚ және басқаларының акциялар пакетін сатуды атап өту қажет.

Мұнымен бірге, 2017 жылы 3 ұлттық компания бойынша IPO/SPO мүмкін мәмілелеріне дайындық бойынша тәсілдер жасалды және жұмыстар басталды: Қазақтелеком, Эйр Астана и Қазатомөнеркәсіп. Қолайлы нарықтық жағдайлар мен сұраныс кезінде осы компаниялар 2018 жылы қор нарығына шыға алатыны күтіледі.

Тағы 4 компания-кандидат бойынша 2018 жылы дайындық жұмыстарын бастау жоспарланған. Бұл 4 компания – ҚазМұнайГаз, Самұрық-Энерго, Қазпошта және Қазақстан Темір Жолы – 2019-2020 жылдары қор нарығына шығару немесе стратегиялық инвесторға сату алдын ала жоспарлан.

Кешенді жекешелендіру жоспары шеңберінде іске асырылған, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының активтері

2017 жылы

1-тізбе

- | | |
|--|--|
| 1 «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ (ҚТЖ) | 5 «Маңғыстау бөлгіш электр желілік компаниясы» АҚ (СЭ) |
| 2 «KTZE – Khorgos Gateway» ЖШС (ҚТЖ) | 6 «Евро-Азия Эйр» АҚ» АҚ (ҚМГ) |
| 3 «Ақтөбе ЖЭО» АҚ (СЭ) | 7 «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС (ҚТЖ) |
| 4 «ВКРЭК» АҚ, оның құрамында «Шығысэнерготрейд» ЖШС (СЭ) | 8 «Майқайыңалтын» АҚ |

2-тізбе

- | | |
|---|---|
| 9 «Сирек металды компания КТ» БК» ЖШС (ҚАӨ) | 14 «ҚазОйлМаш» ЖШС (ҚМГ) |
| 10 «832 КИ Автожөндеу зауыты» АҚ (КИ) | 15 «Ляззат» ЖШҚ (ҚМГ) |
| 11 «Астра» ЗПО» ЖШС (КИ) | 16 «ҚазМұнайГаз-Сервис Compass» ЖШС (ҚМГ) |
| 12 «БХК Инжиниринг» ЖШС (БХК) | 17 «ЗИКСТО» АҚ (КИ) |
| 13 «Ембі оқу орталығы» ЖШС (ҚМГ) | |

2018 жылы (30 сәуірдегі жағдай бойынша)

1-тізбе

- 1 «Транстелеком» АҚ (ҚТЖ)

2-тізбе

- 2 «Ақтау мұнай құрал-жабдық зауыты» ЖШС (ҚМГ)

- 3 «М.Тынышпаев ат. Қазақ көлік және коммуникация академиясы (ҚТЖ)

- ▶ «ҚазККА Ақмола колледжі» ЖШС
- ▶ «ҚазККА Ақтау көлік колледжі» ЖШС
- ▶ «ҚазККА Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі» ЖШС
- ▶ «ҚазККА Шымкент көлік колледжі» ЖШС
- ▶ «ҚазККА Алматы көлік колледжі» ЖШС
- ▶ «RailwaysEcoEnergy» ЖШС
- ▶ «ҚазККА» АҚ Инжиниринг орталығы» ЖШС
- ▶ «АТБ+» ЖШС

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жекешелендірудің негізгі фазасы 2018 жылдың аяғына дейін аяқталу қажет. Соған байланысты Қор 2018 жылы қалған 60 активтерді сату үшін (IPO/SPO мәмілелерін қоспағанда) қажетті күшті қолданады.

Нақтырақ айтқанда, 2018 жылы инвесторларға Тұлпар-Тальго, С.Киров ат. Машина жасау зауыты, Ақтөбе, Атырау және Павлодарда Әуежайлар, Қазтеңізкөлікфлоты және басқалары.

Нәтижесінде 2018 жылдың соңына дейін Қор тобында компаниялар саны 300-ге дейін азаю қажет (ағымдағы 358-ден).

Барынша ашықтықты және инвесторларды тартуды қамтамасыз ету мақсатында, Қор ҚР-да да, шетелде де қоғам мен инвесторлар үшін арнайы ақпараттық іс-шараларды жүргізеді.

2017 жылы жекешелендіру тақырыбына арналған, жоғары деңгейдегі **10 жариялы іс-шара** жүргізілді. Олардың ішінде анағұрлым маңыздысы **Лондонда, Гонконгта және Алматыда Инвестор күндері** болып табылады, онда Қорға ҚР Ұлттық экономика министрлігі қолдау көрсеткен.

2018 жылы Қор осы жұмысты жалғастыруды және **Шанхай мен Санкт-Петербургте** инвестор күндерін өткізуді жоспарлайды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қордың инвестициялық портфелі екі үлкен блокқа бөлінген.

Бірінші блокты Қордың бизнесінің дәстүрлі бағыттарын дамытуға бағытталған жобалар құрайды. Бұл «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ жобалары, «ҚТЖ» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ жобалары.

Инвестициялық портфельдің екінші блогын соларды іске асыру елеулі коммерциялық пайдадан басқа, Қазақстан экономикасының жаңа локомотивтері болуға қабілетті жаңа индустрияларды құруға ықпал ететін жобалар құрайды. Мәселе бірінші кезекте, мұнай-газ химиясының, агрохимия мен тау-кен өнеркәсібінің жобалары туралы болып отыр. Көрсетілген салаларды дамыту жаһандық тренд болып табылатынын атап өту керек және ИИДМБ жоғарыда көрсетілген жобасы аясында өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларының тізбесіне енгізілді.

2015-2016 жылдары болған макроэкономикалық өзгерістерге, соның ішінде теңге бағамының құбылмалығына байланысты, сонымен қатар жобалардың технологиялық бөлігінің өзгерістеріне байланысты жобаларлық мерзімдері мен құны бойынша елеулі ауытқулар байқалады.

Қор Тобының ірі инвестициялық жобалар тізбесі (2018 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша)

МҰНАЙДЫ ТЕРЕҢ ҚАЙТА ӨНДЕУ КЕШЕНІН САЛУ
«АМӨЗ» ЖШС Атырау мөз қайта құру және жаңғырту»
жобасының екінші кезеңі
Атырау қ.



Жобаның құны,
млн теңге
631 000
(ЕРС-оқытусыз) *

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар
622 130
млн теңге
98,6%
жобаның жалпы құнынан %-бен

Мұнайды қайта өңдеу өнімдері
(СЭҚ ӨС коды 19.20), моторлы
отын (СЭҚӨС коды 19.20.21), газойлдер,
дизель отыны (СЭҚӨС коды 19.20.26)

2010-2017 ж.
Іске асыру кезеңі

ШЫМКЕНТ МӨЗ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ
Шымкент қ.

Жобаның құны,
млн теңге
657 948,6 *

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар
336 395
млн теңге
51,1%
жобаның жалпы құнынан %-бен

Мұнайды қайта өңдеу өнімдері
(СЭҚӨС коды 19.20), моторлы отын
(СЭҚӨС коды 19.20.21), газойлдер,
дизель отыны (СЭҚӨС коды 19.20.26)

2011-2018 ж.
Іске асыру кезеңі

ПАВЛОДАР МХЗ ЖАҢҒЫРТУ
Павлодар қ.

Жобаның құны,
млн теңге
252 131 *

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар
212 300
млн теңге
84%
жобаның жалпы құнынан %-бен

Мұнайды қайта өңдеу өнімдері
(СЭҚӨС коды 19.20), моторлы отын
(СЭҚӨС коды 19.20.21), газойлдер,
дизель отыны (СЭҚӨС коды 19.20.26)

2012-2017 ж.
Іске асыру кезеңі

ЕКІБАСТҰЗ 1-ГРЭС ҚУАТТАРЫН КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ (№1 БЛОКТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ)

Екібастұз қ.

Жобаның құны,
млн теңге
91 040,30

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

18 860,00
млн теңге

20,7%

жобаның жалпы құнынан %-бен

Электр
энергиясы
өндірісі



2012 - 2024 ж.
Іске асыру кезеңі

«ҚОРҒАС – ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ» АЭА ҚҰРУ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ДАМУ

Панфилов ауданы, Алматы облысы

1. Кедендік операциялар.
2. Пойыздарды қабылдау және жөнелту, оларды қалыптастыру және шешу.
3. Жүктелетін жүктердің түрлері бойынша вагондарды сұрыптау.
4. Вагондардан вагондарға жүктерді қайта жүктеу.
5. Коммерциялық және кіре ақы құжаттарын ресімдеу.

2014-2020 ж.

Іске асыру кезеңі

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

33 296 (порт)

36 811 (инфр-ра)

млн теңге

90,4%

жобаның жалпы құнынан %-бен

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



Жобаның құны,
млн теңге
78 310,00

«ЖЕЗҚАЗАН – БЕЙНЕУ» ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІН САЛУ

Қарағанды обл., Ақтөбе обл., Қызылорда обл., Маңғыстау обл.

2012-2016 ж.

Іске асыру кезеңі

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

417 379

млн теңге

97,3%

жобаның жалпы құнынан %-бен

Жобаның құны,
млн теңге
429 125

«АРҚАЛЫҚ-ШҰБАРКӨЛ» ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІН САЛУ

Қостанай обл., Қарағанды обл.

2012-2016 ж.

Іске асыру кезеңі

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

89 998

млн теңге

99,0%

жобаның жалпы құнынан %-бен

Жобаның құны,
млн теңге
91 835

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ГАЗ-ХИМИЯЛЫҚ КЕШЕН ҚҰРЫЛЫСЫ (БІРІНШІ ФАЗА)

Атырау облысы

Жобаның құны,
млн теңге
890 888

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

207 253
млн теңге

23%

жобаның жалпы құнынан %-бен

Полипропилен

2010-2021 ж.

Іске асыру кезеңі

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ ИНДУСТРИАЛДЫҚ МҰНАЙ-ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОПАРК» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ ИНФРҚҰРЫЛЫМЫ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Атырау облысы

Жобаның құны,
млн теңге
385 100

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

103 400
млн теңге

27%

жобаның жалпы құнынан %-бен

Газтурбинді электр станциясы (ГТЭС);
Суды дайындау мен суды тазарту қондырғысы;
Техникалық газдарды өндіру бойынша қондырғы;
Жалпы зауыттық инфрақұрылым.

2014-2024 ж.

Іске асыру кезеңі

«ТАРАЗ ХИМИЯЛЫҚ ПАРКІ» АЭА

Жамбыл облысы, Шу қ.

Жобаның құны,
млн теңге
36 095

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

25 243
млн теңге

69,9%

жобаның жалпы құнынан %-бен

2013-2018 ж.

Іске асыру кезеңі

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ГАЗ-ХИМИЯЛЫҚ КЕШЕН ҚҰРЫЛЫСЫ (ЕКІНШІ ФАЗА)

Атырау облысы

Жобаның құны,
млн теңге
2 309 280
(алдын ала деректер)

Жобаны іске асырудан бастап
игерілген инвестициялар

36 090
млн теңге

2%

жобаның жалпы құнынан %-бен

Полиэтилен

2010 - I м. 2025 ж.

(алдын ала деректер)

Іске асыру кезеңі

Объединенная
химическая
компания

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қордың және оның Қоржынды компанияларының стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуде жеткілікті сенімділікті қамтамасыз ету үшін стратегиялық және жедел басқаруда тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйесі қолданылады.

ТБЖІБКЖ міндеттері:

- ▶ Екпіні жоғары деңгейде – Директорлар кеңесі мен менеджмент деңгейінде берілетін ұйымдардың барлық деңгейлерінде тәуекел-мәдениетті дамыту; процестердің иелері тәуекелдерді түсінеді, оларды басқарады және тиісті түрде мүдделі тұлғаларға тәуекелдер туралы хабарлайды; компанияның ішкі ортасы сыртқы қарсылықтарға жауап беруде тиімді шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді, ілеспе тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ашық және құрылымдық талқылауға ықпал етеді; компанияның ұйымдық құрылымы қорғаудың үш желісі моделіне негізделеді;
- ▶ Қордың тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жүйесін тұрақты жетілдіру, соның ішінде олардың Қор қызметінің мақсаттары мен ауқымдарына, жаңа реттеуші талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ТБЖБ саласында регламенттеуші құжаттарды жандандыру, сонымен қатар тәуекел-менеджменттің жинақталған тәжірибесі мен үздік практикаларын есепке алу;
- ▶ Корпоративтік басқарудың тиісті практика талаптарын орындауын қамтамасыз ету, соған сәйкес Қор тәуекелдерді есепке алуға, мониторингке, соларды басқаруға және тәуекелдердің барлық иелерімен осы салада ақпаратты тиісті ашуға ерекше назар аудару керек;
- ▶ Тәуекелдерді басқарудың түрлі әдістерін қолдану жолымен активтерді қорғауды қамтамасыз ету;
- ▶ Қордың стратегиялық мақсаттарына қауіп төндіретін ахуалдарды ескерту; ұзақ мерзімді келешекте Қор активтерінің құны мен табыстылығын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерді пайдалануды қамтамасыз ету.

Қордың тәуекелдерін басқару жолы жинақталған тәжірибеге негізделген және уақыт шындығының өзгерістерін, ішкі ортаның өзгерістерін, ұйымның тәуекел-мәдениетінің анағұрлым дамыған сатысын ескереді. Қордың, әсіресе инвестициялық қызметке байланысты негізгі мақсаттары мен міндеттерін сәтті әрі жалғасқан іске асыру қажеттілігі, саяси және экономикалық сипаттағы кенеттен болған және күтпеген өзгерістер тәуекелдерді басқарудың ағымдағы тұжырымдамасын қалыптастыруға алғышарт болып табылды.

Тәуекелдерді басқарудың пайдаланылатын тұжырымдамасы тәуекелдерді басқаруға анағұрлым активті жолды; тәуекелдерді ғана емес, сонымен бірге Қор мен компаниялардың, бірінші кезекте трансұлттық ортада белсенді жұмыс істейтін және сәйкессіздіктің ықтимал салдарларына анағұрлым ұшырайтындардың барлық деңгейлерінде мүмкіндіктерді басқару процестерін енгізумен, мүмкіндіктерді сәйкестендіруді; тәуекелдерді басқарған үшін процестердің иелерінің жауапкершілігін күшейтуді көздейді. Бұл ретте, тәуекел-факторларды басқару үшін ұйымдардың барлық операциялық деңгейлерінде процестердің иелерінің жауапкершілігін арттырудың негізгі тұжырымдамалық міндеті бірінші жоспарға шығарылады. Бұл тәуекел-мәдениеттің жоғары деңгейін білдіреді.

Жыл сайынғы негізде Қордың тәуекел-тәбеті, шоғырландырылған тіркелім мен тәуекелдер картасы бекітіледі; тоқсан сайынғы негізде соларды басқару бойынша жоспарлар мен тәуекелдер картасын жаңарта отыра, тәуекелдер бойынша есептер ПК және Қордың Директорлар кеңестеріне/Қадағалау кеңестеріне қарастыруға шығарылады.

Қор активін әкімшілендірумен тәуекелдерді қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы іске асырылады, ол Қор компанияларының тәуекелдерін қайта сақтандырумен қорғау ретінде акционерлердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

Қордың ішкі нормативтік құжаттарын ішкі бақылау мен жүйелендірудің тиімді жүйесін құру бойынша жұмыс жалғасты. 2017 жылы процестер бойынша электрондық кітапхана-жолкерсеткіш және жұмысшыларды жалпы сертификаттау енгізілді.

Қордың және ҚК тәуекелдерінің таусылмайтын тізбесі

Әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі

Қордың және ҚК жұмысшыларының әр түрлі топтарының әлеуметтік шиеленісуімен байланысты тәуекел. 2017 жылы әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 72%-ды құрады және 2014 жылдан бастап тұрақты. Осы тәуекелді қысқарту және ескерту үшін тұрақты негізде жұмысшылардың қаржылық және заңгерлік сауаттылығын арттыру, «жедел телефон желісіне» келіп түсетін ұсыныстар мен шағымдарды талдау үшін арнайы атаулы коммуникациялар мен түсіндірулер және корпоративтік сайт жүргізіледі, босатылатын персоналды әлеуметтік бейімдеу бағдарламалары іске асырылады.

Беделіне зақым келу тәуекелі

Клиенттер, контрагенттер, акционерлер, инвесторлар, кредиторлар, нарықтық аналитиктер, қадағалау органдары және жалпы жұртшылық тарапынан Қорды және ҚК келеңсіз қабылдауға байланысты тәуекел. Осы тәуекелді басқару үшін тұрақты негізде Қор тобының бірыңғай беделдік және коммуникациялық саясатын құру мақсатында ҚК-мен өзара әрекет жүргізіледі, Қордың және ҚК жұмысшыларының заңнама талаптарын және этикалық тәртіп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету бойынша шаралар іске асырылады. Сонымен қатар медиаортамен өзара әрекет ету ерекшеліктері бойынша үйрететін іс-шаралар тұрақты жүргізіледі, коммуникациялар бойынша әдіснамалық база жандандырылады.

Жазатайым жағдайлар тәуекелі

Негізінен өндіріспен айналысатын Қордың ҚК үшін елеулі болатын, қызмет ерекшелігіне орай тәуекел. Осы тәуекелге ұшырайтын әрбір ҚК еңбекті қорғаудың тиімді жүйесін құрады, соның ішінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар жүргізеді, халықаралық стандарттарды енгізеді (OHSAS 18001), жұмысшылардың қауіпсіздік техникасы ережесін сақтауын бақылайды, жұмысшыларды өндірісте қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге жұмысшылар жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағдарламаларын талдау мен кейінгі әзірлеу үшін өндірісте жазатайым жағдайлар туралы уақтылы ақпараттандыру, оқиғаларды жасыру факторларына жол бермеу бақылауға алынады, себептерін анықтаумен және ауыр жағдайлар туралы есептерді ұсынумен, жарақат деңгейін бақылау жүргізіледі.

Апаттар мен зілзалалар тәуекелі

Табиғи немесе техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың пайда болу, сондай-ақ осы төтенше жағдайларды ынталандыратын мән-жайлардың туындау ықтималдылығына байланысты тәуекел. Тәуекелді іске асыруға жол бермеу үшін өндірістік құрал-жабдықты пайдалану ережесін сақтауға және басты құрал-жабдықты уақтылы жөндеуге бақылау жүргізіледі. Сондай-ақ салдарларын қысқарту үшін Қорды қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы арқылы зілзала тәуекелдерін сақтандыру арқылы өтеу қамтамасыз етіледі.

Уақтылығын, сапасын, құнын және басқа көрсеткіштерді ескеретін, Қор тобының түрлі жобаларын іске асыруға байланысты тәуекел. Қор мен ҚК инвестициялық жобаларды іске асыру графиктерін орындауына бақылау, уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз ету, стратегиялық әріптестермен жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Инвестициялық/
инновациялық
жобалар
тәуекелі

Компанияның өз қызметін қаржыландыру қабілетсіздігіне байланысты тәуекел. Осы тәуекелді басқару шеңберінде Қор тобының қаржылық тұрақтылығын арттыру және кезеңдік есептілікті талдау қорытындыларын ескере отыра, ҚК ковенантты орындауын қамтамасыз ету бойынша түрлі шаралар қабылданады.

Өтімділікті
жоғалту
тәуекелі

Контрагенттің Қор және ҚК алдында өз міндеттемелерін орындамау, уақтылы немесе толық орындамау салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелі. Осы тәуекелді басқару үшін қазыналық стандарттар белгіленеді, халықаралық практикада пайдаланылатын түрлі құралдар қолданылады (лимиттендіру, әртараптандыру және т.б.).

Кредиттік
тәуекел

Қор мен ҚК қызметінің заңнама талаптарына және құқықтық қолдану практикасына сәйкестігін қамтамасыз етуге байланысты тәуекел. Осы тәуекелді төмендету мақсатында келіссөздер арқылы дауларды алдын ала шешу, қолданыстағы келісімдер бойынша Қордың міндеттемелеріне мониторинг жасау, уәкілетті органдармен хат алмасу жолымен нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру, салықтық есепке алуды жүргізуді бақылау мен мониторинг жасау, бюджетке міндетті төлемдерді уақтылы төлеу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Құқықтық
тәуекел

Қор өз мақсаттарына жетуде орынды сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында, Қор КТБЖБЖ дамытады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары және құрылымы
2017 жылдың басты оқиғалары және 2018 жылға белгіленген жоспарлар

Жалғыз акционер

Директорлар кеңесінің бейіні және Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

Басқарма бейіні және басқарма қызметі туралы есеп

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделі мәмілелердің тізбесі

Директорлар кеңесіне және басқарма мүшелеріне сыйақы беру



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпоративтік басқару жүйесі

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы – бұл бірыңғай компаниялар тобы. Біздің корпоративтік басқару жүйеміз өз ішінде Қордың Компаниялар тобы бойынша алғашқыдан соңғы деңгейге дейінгі, тұтас алғанда, басқару, бақылау және басқару органдарының жауапкершілігін қамтиды. Қор туралы Заңға сәйкес Қордың Компаниялар тобында корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін енгізу – Қордың алдында тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады, бұл сондай-ақ Қорды Дамыту стратегиясында да көрсетілген.

Қордың Директорлар кеңесіне және Басқармасына өз мандаттарын орындау үшін тиісті өкілеттіктер және міндеттер берілген. Өз кезегінде, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі және жоғары дәрежелі ашықтығы бар корпоративтік есептіліктің сапасы Қорға, Қордың Директорлар кеңесіне және Басқармасына мүдделі тараптардың сенімін қолдауда шешуші рөл атқарады.

ҚОРДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

Қордың бәсекеге қабілеттілігін және қызметтің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу

Қордың Даму стратегиясын мақұлдау

Қордың Қазақстан экономикасын әртараптандырудың және жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуы бойынша ұсыныстарды қарастыру және әзірлеу

Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономиканың басым секторлары бойынша ұсыныстарды әзірлеу

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Ақпаратты алу және ұсыну үшін диалог

Директорларды, Басқарма төрағасын тағайындау/ жұмысынан босату

Қордың Даму стратегиясын бекіту

Қаржы нәтижелерін бекіту және дивидендтер алу

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Даму жоспарларын, жылдық бюджетті бекіту және олардың орындалуына мониторинг жүргізу

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерін тағайындау/ қызметтен босату, Басқарма мүшелерінің ҚБК бекіту

Қордың: тәуекелдерді басқару, тұрақты даму, ақпаратты жариялау бойынша саясатын бекіту және орындалуын мониторингтеу

Сыртқы аудиторды таңдау

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ ҚЫЗМЕТІ
Сыртқы аудитор Қаржылық есептілік және ішкі бақылауға қатысты нәтижелер мен ұсынымдар

Тағайындаулар және сый-ақылар жөніндегі комитет

Директорлар кеңесінің құрамы, сыйақы беру және сабақтастығы

Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау жөніндегі комитет

Трансформациялау бағдарламасын іске асыруды мониторингтеу

Мамандандырылған комитет

Қордың ҚК қызметінің экономиканы дамытуға ықпалын кешенді және объективті талдау

Аудит комитеті

Қаржылық ақпараттың тұтастығы және ішкі бақылау

Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды таңдауда ұсыныстар беру

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі саласында бағалау

БАСҚАРМА

Инвестициялық-стратегиялық комитет

Кадрлық саясат жөніндегі комитет

Модернизациялау жөніндегі кеңес

БАСҚАРМА ХАТШЫЛЫҒЫ

1-ШІ ДЕҢГЕЙЛІ ҚК ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ / БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ

1-ШІ ДЕҢГЕЙЛІ ҚК АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

2-ШІ ДЕҢГЕЙЛІ ҚОРДЫҢ ҚК

2017 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ 2018 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖОСПАРЛАР

2017 жылдың басты жетістіктері



Біз Трансформациялау бағдарламасына қатысатын 6 ҚК-да корпоративтік басқарудың тәуелсіз бағалауын өткіздік

Жаңа Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес Қор «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ-да, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-да, «Самұрық-Энерго» АҚ-да, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да, «Қазпошта» АҚ-да, «KEGOC» АҚ-да корпоративтік басқарудың диагностикасын өткізді. Сонымен бірге, Қордың ҚК Директорлар кеңесінің бағалауы бойынша ұсынымдар бекітілді.



Біз Кодекс талаптарына сәйкес 4 ҚК-да Директорлар кеңесін қалыптастырдық

2017 жылы тәуелсіз консультанттардың ұсынысына сәйкес келесі ҚК-лардың Директорлар кеңесінің құрамы жаңартылды және күшейтілді: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, «Qazaq Air» АҚ, бұл Директорлар кеңесінің тәжірибе, гендерлік құрамы, сондай-ақ саны жағынан оның тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.



Біз Қорда және ҚК-да ақпарат ашықтығы мен оның жариялылығы деңгейін арттырдық

ҚК-да ашықтықтың қажетті деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында ақпаратты жария ету бөлігінде жария етудің және қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ мүдделі тараптарға жария етілетін ақпарат тізбесін әзірлеу бойынша жұмыстарға бастамашылық етілді.



Біз Қордың тұрақты дамуы саласында Бастамаларды айқындадық

2017 жылы Қор G4 Есептілік жөніндегі ғаламдық бастамаға (GRI) сәйкес Тұрақты даму саласындағы есепті бекітті. Өзінің алғашқы Тұрақты даму саласындағы есепте Қор Тұрақты даму саласындағы Бастамаларды жария етеді және 2016 жылғы өзінің тұрақтылық көрсеткіштерін ұсынады.

2018 жылға негізгі бастамалар



Қордың 12 ҚК-да корпоративтік басқару жүйесінің тәуелсіз диагностикасы

2018 жылы Қордың 12 ҚК-да корпоративтік басқару жүйесінің тәуелсіз диагностикасын өткізу жоспарланады. Корпоративтік басқару рейтингісі 2018 жылдың Стратегиялық ҚБК болып табылады.



ҚК Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру

ҚК Директорлар кеңесінің оңтайлы сандық құрамын, қажетті өндірістік тәжірибенің болуын, сондай-ақ гендерлік алуан түрлілікті қамтамасыз ету мақсатында ҚК Директорлар кеңесінің құрамын Корпоративтік басқару Кодексіне сәйкестендіру.



Қорда және ҚК-да ақпарат ашықтығы мен оның жариялылығы деңгейін арттыру


Қор ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру бойынша тұрақты жұмысты жүзеге асырады. ҚК-де ақпаратты жария ету мәселелері бойынша құжаттарды әзірлеу және қабылдау бойынша жұмыс жалғастырылады.



Қордың тұрақты дамуы саласында Бастамаларды енгізу

Қор 2018 жылы 8 Тұрақты даму саласында бастамаларды енгізу бойынша жұмысты жалғастырады және нәтижелері Қордың шоғырландырылған Тұрақты даму саласындағы есепте ұсынылады.

2018 жылғы 31 наурыздағы жағдайы бойынша «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ ұйымдық құрылымы



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қор және Жалғыз акционер арасындағы өзара қатынасы «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және біздің қызметтің мәселелері бойынша Үкіметтің Қорға қойған талаптары мен өзара іс-қимылының негізгі қағидаттарын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметі және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімде реттеледі.

Үкімет пен Қордың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- ▶ Үкімет тарапынан Қорды басқару «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қордың жарғысында көзделген жалғыз акционердің және Қордың директорлар кеңесіндегі Үкімет мүшелері өкілдігінің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана жүзеге асырылады;
- ▶ заңдарда, актілерде және Қазақстан Республикасы Президенттің тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Үкіметтің, оның мүшелерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының Қор тобының жедел (ағымдағы) қызметіне араласпауы;
- ▶ Қор тобы қызметінің есептілігі және транспаренттілігі.

Қордың Жалғыз акционерінің шешімдері тікелей Жалғыз акционермен қабылдануы тиіс міндеттер тізбесі бар. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселерге шолу төменде келтірілген. Бұл мәселелер стратегиялық және қаржылық нәтижелердің қорытындысын шығарған кезде Қор үшін негіз қалаушы болып табылады.

- ▶ Қордың Жарғысын бекіту;
- ▶ Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- ▶ Қордың Даму стратегиясын бекіту;
- ▶ Қордың Корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- ▶ Қордың дивидендтік саясатын айқындау, Қордың есепті кезең қорытындылары бойынша таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- ▶ Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- ▶ Қордың директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- ▶ Басқарма Төрағасын тағайындау және оны мерзімінен бұрын лауазымынан босату;
- ▶ Қордың жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлік басқаруға беру;
- ▶ Қордың жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау.

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесімен www.sk.kz сайтында орналастырылған Қордың Жарғысынан танысуға болады.

Акционерлік капитал

- ▶ Жария етілген акциялардың саны – 3 500 000 000
- ▶ Қордың орналастырылған акциялар саны - 3 481 938 318
- ▶ Еркін айналымдағы акциялардың саны (орналыстырылмаған акциялар) – 18 061 682

Есепті кезеңдегі акциялармен елеулі мәмілелер туралы ақпарат:

- ▶ Ақшалай қаражатпен жарналар
2017 жылы Акционер Қордың жарғылық капиталына 74.552 миллион теңге мөлшерінде ақшалай қаражатпен жарнаны жүзеге асырды. Бұл қаражат Қордың еншілес ұйымдары ҚТЖ-мен және БХК-мен іске асырылатын жобаларды қаржыландыруға арналған.
- ▶ Мүліктік жарналар
2017 жылдың 18 наурызында Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қордың жарғылық капиталына мүліктік жарна түрінде 266 миллион теңге мөлшерінде жарнаны жүзеге асырды. Бұл мүлік «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ еншілес ұйымның жарғылық капиталына жіберілді.

Барлығы 2017 жылы Қордың 267.560 жай акциясын шығаруға рұқсат етілген және орналастырылған.

Дивидендтер

2017 жылы Қор Акционерге 2017 жылғы 13 қарашадағы Үкімет Қаулысына сәйкес 2016 жыл қорытындысы бойынша 11 899 млн теңге мөлшерінде дивидендтерді төлеуді жүзеге асырды (2016 жылы 2015 жыл қорытындысы бойынша: 10 393 млн теңге).

Қордың Дивидендтік саясаты www.sk.kz сайтында қолжетімді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ БЕЙІНІ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қордың Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге есеп беретін, **Қор Басқармасының қызметіне стратегиялық басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін** басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің рөлі – жоғарыдан төмен қарай тігінен тиісті басқаруды қамтамасыз ету арқылы Қорды басқару.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын түйінді міндеттердің қатарына төмендегілерге қатысты шешімдердің қабылдануы мен бекітілуін талап ететін мәселелер кіреді:

- ▶ Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау, Қор қызметінің түйінді көрсеткіштері;
- ▶ Аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеудің шекті мөлшерін айқындау;
- ▶ Тәуекелдерді басқару, әлеуметтік жауапкершілік, демеушілік және қайырымдылық көмек, ақпаратты ашу жөніндегі саясаттары;
- ▶ Кредиттік және индустриялық-инновациялық саясат;
- ▶ Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы беру;
- ▶ Директорлар кеңесінің комитеттері;
- ▶ Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ Қор Басқарманың Төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- ▶ Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- ▶ Қордың басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын сатып алуы;
- ▶ Корпоративтік басқаруды бағалау және Қордың директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу;
- ▶ Жасасуда мүдделік бар мәмілелер;
- ▶ Қордың Жылдық есебі.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесімен www.sk.kz сайтында орналастырылған Қордың Жарғысынан танысуға болады.

2018 жылдың 31 наурыздағы жағдайы бойынша Директорлар кеңесінің құрамы



САҒЫНТАЕВ БАҚЫТЖАН ӘБДІРҰЛЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

ҚР азаматы

Бақытжан Әбдірұлы 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап Директорлар кеңесінің төрағасы. 1963 жылдың 13 қазанында дүниеге келген.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік институтын бітірген, экономист, Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын Алма-Ата халық шаруашылығы институтының саяси экономика кафедрасының оқытушысы ретінде бастаған.

1988-1992 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде жұмыс істеді, ассистенттен бастап әлеуметтану кафедрасының доцентіне дейін көтерілді.

1992-1998 жылдары кәсіпкерлік қызметпен айналысты.

1998 жылы Жамбыл облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

1999-2002 жылдары ҚР Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігі төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарды.

2002-2004 жылдары Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет етті.

2004-2007 – ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы.

2007-2008 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі кеңесінің басшысы қызметін атқарды.

2008 жылдың 30 қыркүйегінен бастап – Павлодар облысының әкімі.

2012 жылдың 20 қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасының экономикалық даму және сауда министрі.

2012 жылдың 24 қыркүйегінен бастап – «Нұр-Отан» ХДП Бірінші орынбасары.

Елбасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығымен Премьер-Министрдің бірінші орынбасары, ҚР Өңірлік даму министрі болып тағайындалды.

2013 жылдың қараша айынан бастап, Елбасы Жарлығымен ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары болып тағайындалды.

2016 жылдың қыркүйегінен бастап – Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалды.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің Төрағасы;

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің Төрағасы.



СҮЛЕЙМЕНОВ ТИМУР МҰРАТҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

ҚР азаматы

Тимур Мұратұлы 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1978 жылдың 5 сәуірінде дүниеге келген.

Павлодар мемлекеттік университетінің менеджмент факультетін бітірген.

Екінші жоғары білімі «Заңтану» мамандығы бойынша.

Мериленд Университетінің Р. Смит Бизнес мектебі (АҚШ) («Болашақ» стипендиаты);
«Қаржы» мамандануы бойынша бизнес магистрі; Ұлыбританияның Алқалы (ант берген) бухгалтерлері мен аудиторлары қауымдастығында сертификаттаудан өткен.

Еңбек жолын Алматы қаласындағы «Эрнст энд Янг Қазақстан» аудиторлық компаниясында бас консультант лауазымынан бастаған. Соңғы кездері «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Салықтық есеп және салықтық жоспарлау департаментінің директоры болып қызмет етті.

2009-2010 жылдары – Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі. Министрлік Экономикалық даму және сауда министрлігі атауына ауысып, қайта ұйымдастырылған.

2010-2012 жылдары – ҚР экономикалық даму және сауда вице-министрі.

2012-2016 жылдары – Еуразиялық экономикалық комиссиясының экономика және қаржылық саясат алқасының мүшесі (министр).

2016 жылдың желтоқсан айынан бастап – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Жоқ.



СҰЛТАНОВ БАҚЫТ ТҰРЛЫХАНҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасы Қаржы министрі

ҚР азаматы

Бақыт Тұрлыханұлы 2008 жылдан бері Директорлар кеңесінің мүшесі.

1971 жылдың 29 қарашасында дүниеге келген.

1994 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетінің автоматика және басқару жүйелері факультетін және 1995 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

2002-2003 жылдары – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Бюджеттік саясат және жоспарлау департаментінің директоры.

2003-2006 жылдары – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі.

2006-2007 жылдары – ҚР статистика агенттігінің төрағасы.

2007 жылы – ҚР қаржы вице-министрі.

2007-2010 жылдары – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, кейіннен ҚР Президентінің көмекшісі.

2012-2014 жылдары – ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары.

2014 жылы – ҚР Қаржы министрі.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Мамандандырылған комитеттің Төрағасы.



СМАИЛОВ ӘЛИХАН АСХАНҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі

ҚР азаматы

Әлихан Асханұлы 2015 жылдың желтоқсан айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1972 жылы 18 желтоқсанда дүниеге келген.

1994 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетін және 1996 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және бол-жамдау институтын бітірген.

1999-2003 жылдары – ҚР Статистика Агенттігінің Төрағасы.

2003 жылы – ҚР сыртқы істер вице-министрі.

2003-2006 жылдары – «Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі Мемлекеттік сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы.

2006-2007 жылдары – Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі.

2007-2008 жылдары – «Қазагро» Ұлттық холдингі» АҚ президенті.

2008-2009 жылдары – ҚР Қаржы вице-министрі.

2009-2014 жылдары – ҚР Статистика Агенттігінің Төрағасы.

2014-2015 жылдары – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің төрағасы.

2015 жылы – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің мүшесі.



АКДЕНИЗ АЛЬПЕР

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

Ұлыбритания және Түркия азаматы

Ақдениз Альпер 2018 жылдың наурыз айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1960 жылдың 11 тамызында дүниеге келген.

30 жылдам астам Ұлыбритания, Түркия, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азиядағы PwC компанияларының халықаралық желісінде жұмыс істеді. Оның аудиторлық және консультациялық қызметтер, корпоративтік басқару салаларында және өндірістік, қаржылық, энергетикалық және мемлекеттік секторлардағы қаржы саласында тәжірибесі өте зор.

Альпер өзінің кәсіби қызметін дипломы бар білікті бухгалтер дәрежесін иеленген соң, 1984 жылы Лондон қаласында PriceWaterhouse компаниясында бастады.

1989 жылдан бастап Түркиянің Ыстамбұл қаласында жұмыс істеді, жергілікті және халықаралық компанияларға аудиторлық және консультациялық қызметтер көрсеті, ал 1992 жылы PriceWaterhouse серіктесі атанды.

1996 жылы Альпер Лондонға оралды, мұнда ол PriceWaterhouse және Coopers&Lybrand ғаламдық бірігуіне қатысты жұмысқа тартылды. Кейіннен ол Жапония, Үндістан, Гонконг, Сингапур, Таиланд, Оңтүстік Америка және Швеция сияқты елдерде және өңірлерде бірігу жөнінде халықаралық мәмілелерді іске асырумен айналысты. Содан кейін Альпер Сингапурдағы өңірлік басқарушы топтың мүшесі болды.

2007 жылдың қаңтар айынан бастап 2015 жылдың маусым айына дейін Альпер Басқарушы серіктес болды, ал содан кейін 2017 жылдың маусым айынан бастап PwC Еуразия – өз ішінде Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия, Армения, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Монғолия сияқты елдерді қамтитын өңірдің Төрағасы, клиенттерге мемлекеттік және жеке секторда қызметтер көрсетті. Сондай-ақ ол Орталық және Шығыс Еуропаның PwC Басқарма мүшесі болды.

Альпер Англия және Уэльстің Алқалы (ант берген) бухгалтерлер институтының (АУАБИ) толық мүшесі.

Бизнес магистрі дәрежесі бар, Bath University, Ұлыбритания.

Альперге Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтында (ҚМЭБИ) құрметті доктор дәрежесі берілді, сондай-ақ Гарвард бизнес мектебінде халықаралық бизнес-бағдарламасын меңгерген.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Аудит комитетінің мүшесі;

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі.



СЭР РИЧАРД ЭВАНС

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

Ұлыбритания азаматы

Сэр Ричард Эванс 2008 жылдың қазан айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1942 жылдың 9 шілдесінде дүниеге келген.

1960 жылы Корольдік массон мектебін бітірген (Хартфордшир, Лондон).

1960-1967 жылдары – Бірлескен Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия корольдігінің Көлік және технологиялар министрлігіндегі шарттар бөліміндегі жұмыс істеді.

1969-1981 жылдары – әскери авиация бөлімінде коммерциялық менеджер, кейіннен ВАС коммерциялық директоры.

1981-1983 жылдары – «British Aerospace plc.» компаниясында басқарушы директордың орынбасары.

1983-1987 жылдары – «British Aerospace plc.» компаниясының басқарушы директорының орынбасары және авиациялық топтың директоры.

1987 жылы – «British Aerospace plc.» компаниясының маркетинг жөніндегі директоры.

1988-1990 жылдары – «British Aerospace Defence Company» компаниясының төрағасы.

1990-1992 жылдары – «British Aerospace plc.» компаниясының бас атқарушы директоры.

1992-2002 жылдары – «Airbus Industry» компаниясының байқау кеңесінің мүшесі.

1998-2000 жылдары – National Westminster Bank атқарушы емес директоры.

1998-2004 жылдары – «BAE Systems» компаниясының төрағасы.

2001-2008 жылдары – «United Utilities plc.» компаниясының төрағасы.

2006-2008 жылдары – «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2009-2016 жылдары – Ланкашир орталық университетінің ректоры.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Аудит комитетінің Төрағасы;

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі;

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің мүшесі.



ВИЛЬГЕЛЬМ БЕНДЕР

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

Германия азаматы

Вильгельм Бендер 2018 жылдың наурыз айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1944 жылдың 3 тамызында дүниеге келген.

Франкфурттегі Иоганн Вольфганг Гете университетін бітірген. Гиссендегі Justus–Liebig Университетінің құқық ғылымдарының кандидаты.

1974-1983 жылдары «Deutsche Bahn» компаниясында түрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

1983-1989 жылдары – «German Transport Forum» компаниясының Басқарушы директоры, бұл Германиядағы логистикалық компаниялардың алдыңғы қатарлы өнеркәсіп ұйымы. Сол кезде Компания Төрағасы Герман-Йозеф Абс («Deutsche Bank») болған.

1989-1993 жылдары – «Schenker» және «Schenker Waggon-und Beteiligungs» AG экспедиторлық топтың Төрағасы, «Schenker-Rhenus» басқарма мүшесі.

«Fraport AG» компаниясында жұмыс істей бастауы:

1993-2009 жылдары «Fraport AG» компаниясының Төрағасы, бұл компания Германия нарығындағы көш бастап жатқан ең ірі халықаралық әуежайлардың бірі – Франкфурт әуежайына иелік етеді және басқарады. Бүгінгі таңда «Fraport AG» бүкіл әлем бойынша шамамен 30 әуежайды басқарады.

2001 жылы Вильгельм Бендер сәтті IPO арқасында «Fraport AG» компаниясының қаржылай өсуіне септігін тигізді.

2009 жылы Вильгельм Бендердің басшылығымен «Fraport AG» компаниясы төрт ұшу-қону жолақтарын және үшінші терминалды эксплуатацияға енгізу арқылы Франкфурт әуежайын кеңейтті.

2008 жылы Вильгельм Бендер Франкфурттегі Иоганн Вольфганг Гете Университетінің Құрметті профессоры атағына ие болды. 2009 жылдан бастап қазіргі кезге дейін – аға кеңесші. 2010 жылы Франкфурттегі Гете Университетінің достары және жақтастары қауымдастығын басқарды. 2014 жылы Хо-Чи-Минь-Сити Вьетнам-герман Университетін қолдау қауымдастығын басқарды.

2016-2018 жылдары – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор.

Вильгельм Бендер келесі компаниялардың Байқау кеңесінің қазіргі (және бұрынғы) мүшесі болып табылады: «Bombardier Transportation» (төраға), «Eintracht Frankfurt Fußball» AG (төраға), «Thyssen Krupp Services», «Adtranz, Signalduna», «Voedag», «Techem», «Lufthansa CityLine», «Delvag», «Lufthansa Cargo», «MTU», «The Germany Funds». Консультациялық кеңестің бұрынғы (және қазіргі) мүшесі: «Royal Bank of Scotland», «Stinnes», «DZ-Bank», «Allianz», «Deutsche Bank». Вильгельм Бендер Рейн-на-Майне өңірінде және шет елдерде қайырымдылық қызметімен айналысады.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Аудит комитетінің мүшесі;

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі.



ЕСІМОВ АХМЕТЖАН СМАҒҰЛҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы

ҚР азаматы

Ахметжан Смағұлұлы 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1950 жылдың 15 желтоқсанында дүниеге келген.

1974 жылы «Ауыл шаруашылығы өндірісінің процестер механизациясы» мамандығы бойынша Қазақ ауылшаруашылық институтының механикалық факультетін бітірген.

1991 ж. – «Әлеуметтік-саяси қатынастар теориясы» мамандығы бойынша Ресей қоғамдық ғылымдар академиясының әлеуметтік-саяси факультетін тәмамдады. Экономика ғылымдарының докторы (1999).

1990 жылдан ҚазКСР Мемагроөнеркәсіп төрағасының бірінші орынбасары, ал 1991 жылы ҚазКСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрінің бірінші орынбасары.

1991-1992 жылдары – Алматы облыстық Халық депутаттары кеңесінің төрағасы.

1992-1994 жылдары – Алматы облыстық әкімшілігінің басшысы.

1994-1996 жылдары – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

1996-1998 жылдары – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы.

1998-2001 жылдары – ҚР Бенилюкс мемлекеттеріндегі (Бельгия Корольдігі, Нидерланд Корольдігі және Люксембург Ұлы Герцогтігі) Төтенше және Өкілетті Елшісі. ЕО-да және НАТО-да Қазақстан Республикасының Өкілдігін басқарды.

2001–2006 жылдары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары.

2006 жылдың қаңтарынан бастап 2008 жылдың сәуір айына дейін – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі.

2008 жылдың сәуірінен бастап 2015 жылдың тамыз айына дейін – Алматы қаласының әкімі, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының төрағасы.

2015 жылдың тамызынан бастап 2017 жылдың желтоқсанына дейін – «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы.

2017 жылдың желтоқсанынан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы.

«Қазақстанның Еңбек Ері», «Құрмет белгісі», «Достық», «Парасат», «Отан» ордендерімен марапатталған.

Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі мүшелік:

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің мүшесі.

2017-2018 жылдары Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер

Күні	Директорлар Кеңесінің мүшесі	Оқиға
25 қаңтар 2017 жыл	Бишимбаев Қуандық Уәлиханұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
25 қаңтар 2017 жыл	Сүлейменов Тимур Мұратұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
15 желтоқсан 2017 жыл	Шөкеев Өмірзақ Естайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
23 желтоқсан 2017 жыл	Есімов Ахметжан Смағұлұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
16 қаңтар 2018 жыл	Барон Оливье Дэкамп	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
27 наурыз 2018 жыл	Мирчев Александр Васильевич	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
27 наурыз 2018 жыл	Ақдениз Альпер	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
27 наурыз 2018 жыл	Вильгельм Бендер	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

Директорлар кеңесінің жұмысы

2017 жылы Директорлар кеңесінің 9 отырысы өткізілді, соның ішінде 6-уы күндізгі және 3-уі сырттай отырыс. Барлығы 103 сұрақ қарастырылды, солар бойынша 151 шешім қабылданды, 55 тапсырма берілді.

2017 жылы директорлар кеңесі мүшелерінің директорлар кеңесінің және комитеттердің отырыстарына қатысуы

ДК, Комитет мүшесі	Тәуелсіз	ДК	Аудит комитеті	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет	Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет	Мамандандырылған комитет
Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	Жоқ	9/9		6/6	4/4	
Смаилов Әлихан Асханұлы	Жоқ	7/9			3/4	
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	Жоқ	9/9				2/2
Сүлейменов Тимур Мұратұлы	Жоқ	9/9				
Сэр Ричард Эванс	Иә	9/9	22/22	6/6	4/4	
Мирчев Александр Васильевич	Иә	8/9	11/22	6/6		
Барон Дэкамп Оливье Эдуард Эммануэль	Иә	3/8	13/20	2/5		
Шөкеев Өмірзақ Естайұлы	Жоқ	8/9			3/4	

Директорлар кеңесінің шешімімен келесілер бекітілді:

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспары;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ 2016 жыл үшін жылдық есебі;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Мінез-құлық кодексі;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ қарыздарды және қаржылық тұрақтылықты басқару саясаты жаңа редакцияда;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ бастамышылық ақпараттандыру саясаты;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың Омбудсмені туралы ереже;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2016 жыл үшін жылдық шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілік алдын ала бекітілді;
- ▶ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ меншік басқару құқығында тиесілі ұйымдардың активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың бірыңғай қағидалары (жаңа редакцияда);
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ 2016 жыл үшін тұрақты даму саласындағы есептілігі;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Инвестициялық саясаты жаңа редакцияда;
- ▶ 2016-2018 жылдарға және 2017-2019 жылдарға ұзақ мерзімді сыйақы беру бағдарламасына қатысушылардың тізімі, 2016-2018 жылдарға және 2017-2019 жылдарға нысаналы мәндері бар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы және мүшелері үшін ұзақ мерзімді қызметтің басты көрсеткіштері бекітілді. Сонымен бірге, Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 145 хаттамамен «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлерін ұзақ мерзімді сыйақы беру және сыйақы төлеу туралы бағдарламасын іске қосу туралы сұрақты Ұлттық әл-ауқат Қорын басқару жөніндегі Кеңестің қарауына шығаруын қамтамасыз ету шешімі қабылданды;
- ▶ 2015 жыл үшін нақты мәндері бар «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлер қызметінің басты көрсеткіштерінің картасы және 2015 жыл үшін нақты жұмыс істеген уақытын ескере отырып, 2015 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлерге төлемдерді жүргізу шешімі;
- ▶ 2016 жыл үшін нақты мәндері бар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы және мүшелері қызметінің басты көрсеткіштерінің картасы және 2016 жыл үшін нақты жұмыс істеген уақытын ескере отырып, 2016 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасына және мүшелеріне қысқамерзімді сыйақыны төлеу туралы шешім.

Ішкі аудит

- ▶ Тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесімен «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің есептері қарастырылды;
- ▶ Директорлар кеңесімен «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2018 жылға арналған жылдық Аудиторлық жоспары бекітілді.

Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау

- ▶ Тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесімен тәуекелдер жөнінде есептер қарастырылды;
- ▶ Директорлар кеңесімен тәуекел-аппетит, тәуекелдер тіркелімі, тәуекелдер картасы, Тәуекелдерді басқару жөнінде іс-шаралар жоспары бекітілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесі жанында төрт Директорлар кеңесінің комитеті жұмыс істейді:

- ▶ Аудит комитеті;
- ▶ Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- ▶ Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет;
- ▶ Мамандандырылған комитет.



Аудит комитеті

СЭР РИЧАРД ЭВАНС

Комитет төрағасы

Аудит комитеті Қордың қаржылық есептілігінің, ішкі бақылау саясатының және сәйкестендіру процедураларының, тәуекелдерді бағалау тиімділігін талдау үшін жауапты тұлға болып табылады. Сонымен бірге, Аудит комитеті Қордың бөлек және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің тұтастығын қадағалайды, сыртқы аудиторлармен аудиторлық емес қызметтердің көлемі, деңгейі және құны бойынша байланыс орнатады, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің рөлі мен жұмысының тиімділігін бақылайды.

Аудит комитетінің құрамы және Аудит комитетінің отырыстарына қатысуы

Аудит комитетінің мүшесі	Аудит комитетінің отырыстарына қатысуы			
	Барлығы	Күндізгі	Сырттай	Күндізгі (Аудит комитетінен тыс)
Сэр Ричард Эванс	22/22	13/13	6/6	3/3
Александр Мирчев	11/22	5/13	6/6	0/3
Оливье Дэкамп	13/20	8/11	4/6	1/3

Аудит комитетінің жұмысы

2017 жылы Аудит комитеті барлығы 19 отырыс өткізді, соның ішінде 13 күндізгі және 6 сырттай отырыс.

Отырыстарда Аудит комитеті өз құзыреті шегінде түрлі салаларда 60 сұрақ қарастырды.

Қосымша 3 күндізгі отырыс Аудит комитеті мүшелерінің қатысуымен Аудит комитеті отырыстары шеңберінен тыс Аудит комитетінің құзыретіне кіретін сұрақтар бойынша өткізілді. Одан басқа, жыл бойы Аудит комитеті тәуекелдерді басқару бөлігінде оларды әрі қарай Директорлар кеңесінің қарауына ұсынғанға дейін ішкі құжаттарды қарастырды.

Ішкі аудит:

- ▶ Аудит комитеті келесілерге қатысты 2016 және 2017 жылдарға арналған жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес өткізілген тексерулер бойынша аудиторлық есептерді зерттеді:
 - Адами ресурстарды басқару жүйесінің Кешенді Аудиті;
 - Қаржылық тәуекелдерді басқару процедураларының тиімділігі аудиті;
 - Сыртқы аудитордың ұсыныстарын орындауды мониторингтеу;
 - Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкестілігіне өзін-өзі бағалау;
 - Жаңа операциялық модельге көшу мәртебесіне шолу;
 - Қор басшылығы қызметінің бастыкөрсеткіштерінің аудиті;
 - «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында бизнес трансформациялау бағдарламасын іске асыруға шолу.
- ▶ Аудит комитеті сондай-ақ 1) ақпараттық технологиялардың инфрақұрылымы және 2) синергетикалық тәсіл негізінде бірқатар Қордың еншілес ұйымдарында Трансформациялау бағдарламасын іске асыруға қатысты өткізілген аудиторлық есептерді қарастырды. Атап айтқанда, мыналарға қатысты өткізілген тексерулердің аудиторлық есептері зерттелді:
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында жалпы АТ бақылауларының аудиті;
 - «KEGOC» АҚ-да РО АТ процестерінің жетілуін бағалау;

- «Қазпошта» АҚ-да инвестициялық АТ жобаларын орындауды бағалау;
- «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздік аудиті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да, «Самұрық-Энерго» АҚ-да, «Қазпошта» АҚ-да, «KEGOC» АҚ-да Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуына шолу.
- ▶ Тоқсан сайынғы негізде Қордың Ішкі аудит қызметінің жұмыс тиімділігін қарастырды және бағалады, сондай-ақ дамудың жеке жоспарларын талқылау үшін Ішкі аудит қызметінің әр қызметкерімен жеке-жеке кездесулер өткізді;
- ▶ Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің басшысын және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау туралы ұсыныстар әзірледі;
- ▶ Ішкі аудит қызметінің бас менеджері лауазымына бірқатар сұхбаттар өткізді;
- ▶ Қордың Ішкі аудит қызметінің 2018 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын қарастырды және алдын ала мақұлдады;
- ▶ Қордың Директорлар кеңесі үшін әзірленген ішкі аудиттің тоқсан сайынғы есептерін саралады.

Сыртқы аудит

- ▶ Қордың 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған және бөлекқаржылық есептілігі мен аудит қорытындысын қарастырды, сондай-ақ аудиторлардың тәуелсіздігі туралы растауын алды;
- ▶ Қор және Қордың Компаниялар тобындағы ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктер туралы сыртқы аудитордың есептерін қарастырды;
- ▶ Қордың 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған жыл үшін алты айлық кезеңдегі аралық қысқартылған шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілігінің шектеулі шолу процедураларының нәтижелерін қарастырды;
- ▶ 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Қордың шоғырландырылған және бөлекқаржылық есептілігінің аудит жоспарын қарастырды және мақұлдады;
- ▶ Қор және Қордың еншілес ұйымдарына Қордың аудиторлық ұйымының тарапынан консультациялық аудиторлық емес қызметтердің көрсетуін мақұлдау мәселесін бірнеше мәртеқарастырды.

Қаржылық есептілік

- ▶ Қаржылық есептілікті дайындау барысында Қор Тобы компанияларының сыртқы аудиторлар анықтаған маңызды кемшіліктерді жою бойынша Бірыңғай іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі туралы мәселені қарастырды;
- ▶ Қаржылық есептілікті және қаржылық есептілікте қамтылған пайымдарды қарастырды. 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Қордың қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдады және Директорлар кеңесіне алдын ала мақұлдауға ұсынды;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік есепке алу саясатына өзгерістерді қарастырды және пікірін білдірді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

- ▶ 2017 жыл үшін Қордағы Саясаттарды және процедураларды жүйелеу нәтижелерін қарастырды;
- ▶ Жыл бойына Аудит комитетімен тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептер қарастырылды;
- ▶ Қордың 2017 және 2018 жылдарға арналған тәуекелдер картасы мен тіркелімін, тәуекел-аппетиттерді қарастырды және пікірін білдірді;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Банк-контрагенттерге лимит белгілеу жөнінде саясатын қарастырды және пікірін білдірді;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөнінде саясатын қарастырды және пікірін білдірді.

Корпоративтік басқару

- ▶ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті қарастырды;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ қоржынды компаниялардағы корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелерін қарастырды.



Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

САҒЫНТАЕВ БАҚЫТЖАН ӘБДІРҰЛЫ

Комитет Төрағасы

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамына, Корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды тарту, тәуелсіз директорларға берілетін сыйақыларды, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшыға еңбекақы және сыйлықақы төленушарттарын мақұлдау мәселелері бойынша ұсынымдардың дайындалуы мен берілуіне жауапты болып табылады.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы және Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысуы

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысуы		
	Барлығы	Күндізгі	Сырттай
Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	6/6	5/5	1/1
Сэр Ричард Эванс	6/6	5/5	1/1
Александр Мирчев	6/6	5/5	1/1
Оливье Дэкамп	2/5	2/4	0/1

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің жұмысы

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2017 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес 6 отырыс өткізілді, 5 күндізгі және 1 сырттай, онда құзыреттіліктері шеңберінде 21 мәселе қарастырылды. Директорлар кеңесімен барлық сұрақтар бойынша тиісті хаттамалық шешімдер қабылданды, Комитеттің ұсыныстары және/немесе ұсынымдары қайтарылған жоқ.

Комитеттің отырыстарында мынадай мәселелер қарастырылды:

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы Төрағасы мен мүшелеріне лауазымдық айлықақы мөлшерлерін айқындау туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы төрағасы мен мүшелерінің 2013-2015 жылдар үшін ұзақ мерзімді қызметінің басты көрсеткіштеріне қолжеткізулерін бағалауды бекіту және 2013-2015 жылдардағы ұзақ мерзімді кезең үшін сыйақы төлеу туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелері үшін 2017 жылға қызметтің басты көрсеткіштерін бекіту;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлердің 2016-2018 жылдарға және 2017-2019 жылдарға ұзақ мерзімді басты көрсеткіштерді бекіту туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлеріне нақты мәндері бар 2016 жылғы қызметтің басты көрсеткіштерін (ҚБК) және «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлеріне 2016 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы мөлшерлерін бекіту;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлеріне нақты мәндері бар 2014-2016 жылдарға ұзақ мерзімді қызметтің басты көрсеткіштерін (ҚБК) және 2014-2016 жылдардағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы мөлшерлерін бекіту.



Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет

САҒЫНТАЕВ БАҚЫТЖАН ӘБДІРҰЛЫ

Комитет Төрағасы

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесу органы бола тұрып, Қордың Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын мониторингтеу және бағалау, Қордың Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдар әзірлеу міндеттерін орындайды.

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің құрамы және Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысуы

Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің мүшесі	Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысу
	Барлығы күндізгі отырыс
Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	4/4
Сэр Ричард Эванс	4/4
Шөкеев Өмірзақ Естайұлы	3/4
Смаилов Әлихан Асханұлы	3/4

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің отырыстарына шақырылғандардың арасында Трансформациялау бағдарламасын іске асыруға жұмылдырылған Қордың ҚК бірінші басшылары болды.

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің жұмысы

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің 2017 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес күндізгі тәртіпте барлығы 4 отырыс өткізілді, онда 10 мәселе қарастырылды, солардың арасында Трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы сұрағы бірнеше мәрте қарастырылды. Атап айтқанда, Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет мынадай сұрақтады қарастырды:

- ▶ Трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы есеп;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-мен Трансформациялау бағдарламасының «1А: «Самұрық-Қазына» АҚ бизнес-процестерінің реинжинирингі» бастамасын аяқтауы туралы;
- ▶ АҚ Трансформациялау бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасының сапасының сыртқы бақылау тәсілдерін қарастыру туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің 2016 жылғы қызметі туралы есебі жайлы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің 2017 және 2018 жылдарға жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Комитет мүшелерімен Трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы есептің мазмұны бойынша ұсыныстар, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар бойынша ескертулер берілді.

Тұтас алғанда, Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің отырыстары Комитеттің 2017 жылғы 27 қаңтарда № 9 шешімімен бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өткізілді.



Мамандандырылған комитет

СҰЛТАНОВ БАҚЫТ ТҰРЛЫХАНҰЛЫ

Комитет Төрағасы

Мамандандырылған комитет «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар қызметінің экономикаға немесе экономиканың жеке бір саласына ықпалын кешенді және объективті талдауды жүзеге асырады, бұл жерде олармен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, республикалық бюджет қоры қаражатының, сондай-ақ мемлекет активтері мен кепілгерліктің пайдаланылуына қатысты мәселелер кірмейді.

Мамандандырылған комитеттің құрамы және Мамандандырылған комитеттің отырыстарына қатысуы

Мамандандырылған комитеттің мүшесі	Лауазымы, дауыс құқығы	Мамандандырылған комитеттің отырыстарына қатысуы
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	ҚР Қаржы министрі, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет Төрағасы	2/2
Бергенов Әділғазы Садуақасұлы	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі Дауыс беру құқығы бар сарапшы	1/2
Мұхаметкәрім Айгүл Мұхаметкәрімқызы	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі Дауыс беру құқығы бар сарапшы	1/2
Жанәділ Ернар Бейсенұлы	«Самұрық-Қазына» АҚ қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директоры м.а. Дауыс беру құқығы бар сарапшы	2/2
Айтпаева Қалима Қожабергенқызы	«Самұрық-Қазына» АҚ Бақылау қызметінің басшысы Дауыс беру құқығы бар сарапшы	2/2
Бахмутова Елена Леонидовна	«Самұрық-Қазына» АҚ қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директоры Дауыс беру құқығы бар сарапшы	0/2
Төлешов Ғабдулхамит Мәденұлы	ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау басқармасының басшысы Дауыс беру құқығы бар сарапшы	2/2
Қияқбаева Ардақ Боранқызы	ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекеттік меншік нысандарының басқарылу тиімділігін мониторингтеу басқармасы басшысының м.а. Дауыс беру құқығы бар сарапшы	2/2
Бұшмұхамбетова Айнұр Сансызбайқызы	ҚР Қаржы министрлігі БҚД, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл басқармасының басшысы Дауыс беру құқығы бар сарапшы	1/2
Исенов Амангелді Сағандекұлы	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаментінің директоры Дауыс беру құқығы бар сарапшы	0/2

Мамандандырылған комитеттің жұмысы

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитетпен 2017 жылы 2 күндізгі отырыс өткізілді, онда мынадай мәселелер қарастырылды:

- ▶ 2017 жылы кешенді талдауға жататын «Самұрық-Қазына» АҚ Ұйымдар тізбесіне өзгертулер енгізу туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің 2018 жылға жұмыс жоспары туралы;
- ▶ «Самұрық-Энерго» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ және «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Біріккен химиялық компания» ЖШС қызметін кешенді талдау нәтижелерін және олардың экономикаға және оның бөлек салаларына ықпалын бағалауды қарастыру туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің 2013-2016 жылдарға ұсынымдарды орындауды мониторингтеу нәтижелерін қарастыру туралы.

Комитеттің барлық ұсыныстары мен ұсынымдары Директорлар кеңесінің қарастырылуына шығарылды, солар бойынша тиісті хаттамалық шешімдер қабылданды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің 2017 жылға жұмыс жоспарына және Комитетпен бекітілген «2017 жылы кешенді талдауға жататын ұйымдар тізбесіне» сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін 4 компанияның қызметіне кешенді талдау жүргізілді, соның ішінде:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ
2. «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ
3. «Біріккен химиялық компания» ЖШС
4. «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС

«Самұрық-Қазына» АҚ басқарма Төрағасының 2017 жылғы 21 тамыздағы № 63-П бұйрығына сәйкес Қор тобының компаниялар қызметіне талдау жүргізу мақсатында Қордың бақылау қызметі қызметкерлері және «Достық эдвайзори» ЖШС қызметкерлері кешенді талдау жүргізу бойынша консультациялық қызметтерді сатып алу нәтижелері бойынша шарт жасасқан «NURTEAM AUDIT» ЖШС-мен консорциумындағы құрамымен тексеру тобы құрылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде және «Самұрық-Қазына» АҚ-дегі кадрлық өзгерістерге байланысты 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 142 шешімімен алып отырған лауазымынан босатылуына байланысты Амангелді Сағандекұлы Исенов және басқа жұмысқа ауысуына байланысты Елена Леонидовна Бахмутова «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің құрамынан шығарып тасталды және Айнұр Сансызбайқызы Бушмұхамбетова – ҚР Қаржы министрлігі БҚД, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл басқармасының басшысы енгізілді.

Сондай-ақ Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөнінде есеп комитетіндегі кадрлық өзгерістерге байланысты, Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 143 хаттамасымен Мамандандырылған комитеттің құрамынан Айгүл Мұхаметкәрімқызы Мұхаметкәрім шығарылды, оның орнына Әділғазы Сәдуақасұлы Бергенов – Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөнінде есеп комитетінің мүшесі енгізілді.

2018 жылғы 31 наурыздағы жағдайы бойынша басқарма құрамы



ЕСІМОВ АХМЕТЖАН СМАҒҰЛҰЛЫ

Басқарма Төрағасы

2017 жылдың желтоқсан айында Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.



АЙДАРБАЕВ АЛИК СЕРІКҰЛЫ

Басқарма Төрағасының Активтерді басқару жөніндегі орынбасары

Әртүрлі жылдары «Оңтүстікқазмұнайгаз» МАҚ, «Құмкөл-ЛУКОЙЛ» (кейін компанияның атауы «Торғай Петролеум» ЖАҚ деп өзгертілді), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы қызметтерді атқарды. 2011 жылдың желтоқсанынан бастап 2013 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры. Маңғыстау облысының әкімі болды (2013-2017), 2017 жылдың наурызынан бастап 2018 жылдың қаңтарына дейін – ҚР инвестициялар және даму жөніндегі бірінші вице-министрі. 2018 жылдың 15-ші қаңтарынан «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады.

Техника ғылымдарының кандидаты, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің құрметті профессоры. Мәскеудегі РФ Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясының MBA дәрежесіне ие. «Құрмет», «Парасат» және II дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған.



БИТЕНОВ ҒАНИ

Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор

ҚР Әділет министрлігі мен Еуразиялық даму банкінде лауазымды қызметтер атқарды. Халықаралық (Bracewell&Giuliani) және қазақстандық заңгерлік компанияларда қызмет атқарып, Еуропа қайта құру және даму банкі, Merrill Lynch International, JP Morgan Chase Bank N.A. сынды әлемдік деңгейдегі ірі инвестициялық банктердің, Қазақстанның ірі екінші деңгейлі банктерінің, «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, Қазақстан даму банкінің мүдделеріне өкілдік еткен. Экономика магистрі және құқық докторы, Гарвард университетінде біліктілігін арттырған. Халықаралық Шанхай арбитраж орталығының арбитрі.

Қазіргі таңда құқықтық қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару мәселелері бойынша, нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу бойынша Қор қызметін үйлестіреді.



ГРЮАЛ БАЛЖИТ КАУР

Стратегиялық даму жөніндегі басқарушы директор

Банктер мен қаржылық компаниялар, ұлттық әл-ауқат қорларында жоғары басқарушылық қызметтер атқарған халықаралық тәжірибесі 15 жылды құрайды. Азия Даму Банкі Ұлттық Қорының Даму бағдарламалары жөніндегі аға кеңесшісі, Kuwait Investment Authority & Kuwait Finance House басқарушы директоры, кейіннен вице-төрайымы (стратегиялар және инвестициялар), ABN AMRO Bank, Maybank Malaysia және Deutsche Bank вице-президенті қызметтерін атқарған.

Қор және қоржынды компаниялар қызметінің басты көрсеткіштерінің (ҚБК) нысаналы мәндеріне қолжеткізуді, сондай-ақ басты стратегиялық құжаттарда көрсетілген міндеттерге қолжеткізуді мониторингтеуді қоса алғанда, Қордың стратегияларын әзірлеуді және іске асырылуын мониторингтеуді қамтамасыз етуді бақылайды.



ТҮТҚЫШЕВ ЕРЖАН БЕКСҰЛТАНҰЛЫ

Активтерді дамыту департаментінің директоры

Еңбек жолын 2004 жылы Санкт-Петербург қаласында «Маркетинг және сауда бойынша Дж.Т.И.» (Japan Tobacco International) бухгалтер қызметінен бастады. Кейін «Қазақстан даму банкі» АҚ Стратегиялық жоспарлау басқармасының бас менеджері болды. Ernst & Young және PricewaterhouseCoopers халықаралық консалтингтік компанияларында жұмыс тәжірибесі бар. Әртүрлі жылдары «Астана-финанс» АҚ, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы лауазымдарда еңбек етті. 2014 жылдың шілдесінен бастап «Самұрық-Қазына» АҚ бизнесті дамыту жөніндегі директордың орынбасары, жаңа салаларды дамыту жөніндегі тең-басқарушы директоры қызметтерін атқарды. 2018 жылдың 11-ші қаңтарынан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ активтерді дамыту департаментінің директоры.

Урбан-Шампейндегі Иллинойс университетінің қаржы магистрі дәрежесін иеленген (University of Illinois at Urbana-Champaign).



ЖАНӘДІЛ ЕРНАР БЕЙСЕНҰЛЫ

Экономика және қаржы жөніндегі тең басқарушы директоры

Әртүрлі жылдары Philip Morris Kazakhstan компаниясында, «ЭлитСтрой» ЖШС, халықаралық аудиторлық «PricewaterhouseCoopers» фирмасында еңбек етті. «Самұрық-Қазына» АҚ-ға келгеннен соң, Ішкі аудит қызметінің жұмысына жауапты болды. Сонымен қатар Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитетінің және Трансформацияны бақылау жөніндегі комитеттің хатшысы міндетін атқарды және Қордың бірқатар еншілес ұйымының Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитеттерінің мүшесі болды. 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржылық бақылаушы лауазымына тағайындалып, кейіннен Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директоры лауазымына бекітілді.

БАСҚАРМА БЕЙІНІ ЖӘНЕ БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарманың құзыретіне жататын басты міндеттер тізбесіне төмендегілер жатады:

- ▶ Қордың бағалы қағаздарын конвертациялау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;
- ▶ Қор акцияларының төлемі ретінде ұсынылған, не болмаса ірі мәміленің нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызметі үшін төленетін ақының мөлшерін анықтау;
- ▶ Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) елу пайызынан көбі меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тиесілі, Қазақстан Республикасының заңнамасына және компаниялардың жарғыларына сәйкес компания акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарының құзыретіне жататын және олар бойынша шешімді Басқарма немесе Басқарма Төрағасы қабылдайтын (Жалғыз акционер немесе Қордың Директорлар кеңесі Заңға сәйкес қабылдайтын компаниялар қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді қоспағанда) компаниялар қызметінің мәселелерінің тізбесін, сондай-ақ осындай шешімдердің қабылдану тәртібін анықтау;
- ▶ Дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) барлығы дерлік меншік және (немесе) сенімгерлік басқару құқығында Қорға тиесілі компаниялардың атқарушы органдары басшыларын тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерінің келісілуі;
- ▶ Инвестициялық шешімдер және инвестициялық жобалардың толықтығы мен орындалу мерзімі бойынша орындалмауға жол бермеу бойынша компанияларға қатысты шұғыл шаралар қабылдау;
- ▶ Қаржы, инвестициялық қызмет, өндірістік-шаруашылық қызмет саласындағы, қаражатты, кадрларды басқару бойынша бірыңғай саясатты қалыптастыру;
- ▶ Дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) елу пайызынан көбі тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі ҚК қатысты әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекіту;
- ▶ Қордың штаттық кестесі мен ұйымдық құрылымын бекіту;
- ▶ Қордың филиалдары мен өкілеттіктерін құру туралы шешім қабылдау;
- ▶ Қор Басқармасы үшін ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қор қызметкерлерінен, компаниялардан және басқа да тұлғалардан тұратын Қор Басқармасы жанындағы комитеттерді құру туралы шешімдер қабылдау;
- ▶ Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Қор немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- ▶ Жыл сайынғы негізде ҚК қызметінің нәтижелерін тыңдау және компания қызметінің нәтижелері туралы есептерді Қордың Директорлар кеңесіне ұсыну.

Басқарма қызметі туралы есеп

2017 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен 46 отырыс өткізілді, соның ішінде 27 күндізгі және 19 сырттай отырыс. Сөйтіп, 2016 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, күндізгі отырыстардың саны 23-тен 27-ге дейін өсті.

Есепті кезең ішінде Қор Басқармасымен барлығы 361 сұрақ қарастырылды.

Тұтас алғанда, Қор Басқармасының отырыстары Қор Басқармасының Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті.

Ағымдағы сұрақтар бойынша шешім қабылдауды жылдамдатуды және әкімшілік кедергілерді азайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ бизнес-процестердің барынша тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қордың ұйымдық құрылымының жаңа моделі әзірленді.

Қордың жаңа ұйымдық құрылымға көшуіне байланысты:

1. Қор басқармасының келесі мүшелерінің өкілеттіктері тоқтатылды:
 - **Бейсенғалиев Б.Т.** – активтерді оңтайландыру жөніндегі басқарушы директоры, берілген өтінішке сәйкес;
 - **Тәжібаев У.К.** – адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор, берілген өтінішіне сәйкес.
2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамына Басқарма мүшелері ретінде сайланғандар:
 - **Айдарбаев А.С.** – Басқарма Төрағасының активтерді басқару жөнінде орынбасары;
 - **Тұтқышев Е.Б.** – Активтерді дамыту департаментінің директоры.

Қарастырылатын кезең ішінде Қор Басқармасымен қабылданған шешімдер арасында мыналарды ерекше атап өтуге болады:

► Корпоративтік басқару:

- «Самұрық-Қазына» АҚ 6 (алты) Қоржынды компанияда корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелері;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту туралы;
- Қатысу үлесінің елуден астам пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестерде корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесін бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдарының директорлар кеңесі және оның комитеттерінің, төрағаның, директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшының қызметін бағалау жөнінде әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының адами ресурстарын басқару жөнінде корпоративтік стандартты бекіту туралы.

► Активтерді басқару

- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде меншік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдармен активтерді сату, қайта құрылымдау қызметін жүзеге асыру мақсатында консультантты таңдау тәртібін бекіту туралы;
- Газ-көлік жүйесінің активтерін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға табыстау туралы;
- «Біріккен химиялық компания» ЖШС-не тиесілі «БХК Инжининг» ЖШС-нің жарғылық капиталында 25% қатысу үлесін өткізу (сату) туралы;
- «KTZ Express» АҚ-ның екінші қатысушы – «Eurotransit Terminal» ЖШС-не адрестік сату арқылы «Eurotransit-KTC» ЖШС-нің жарғылық капиталында 25% мөлшерінде қатысу үлесін өткізуді алдын ала мақұлдау туралы.

► Инвестициялық қызметі

- 2018 жылы «QAZAQ AIR» АҚ операциялық жүйесін қаржыландыру және «QAZAQ AIR» АҚ берілген кредиттердің шарттарын өзгерту туралы;
- «Әуежайларды тексеріп қарау жабдығымен жабдықтау» инвестициялық жобасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы;
- «Каустикалық сода және хлор өндірісі» жобасын қаржыландыру шеңберінде «ХИМ-плюс» ЖШС міндеттемелері бойынша Қытай Мемлекеттік Даму Банкімен (China Development Bank Corporation) кепілдік шартын жасасу туралы;

- «Самұрық-Қазына» АҚ және «CDP Equity S.p.A» егеменді қоры арасында Өзара түсіністік туралы меморандум жасасу туралы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-мен «СП «SARECO» ЖШС жарғылық капиталында Sumitomo Corporation тиесілі қатысу үлесінің 49% сатып алуды көздейтін М&А жобасын мақұлдау туралы;
- «Вокзал кешені құрылысын қоса алғанда, Астана теміржол торабын дамыту» инвестициялық жобаны іске асырудың кейбір мәселелері туралы.

► Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау

- Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдардың директорлар кеңесіне, байқай кеңестеріне қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның күтулері (орта мерзімді) туралы, 2018-2022 жылдарға.

► Қызмет қорытындысы

- 2016 жыл үшін нақты мәндері бар басқарушы қызметкерлер қызметінің басты көрсеткіштері карталарын бекіту және 2016 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төлеуді бекіту;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мүшелеріне 2016 жылдың 12 айдың алдын ала қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ тобы қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы» ақпаратты жіберу туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы.

► Қордың нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру:

- «Самұрық-Қазына» АҚ қоржынды компаниялармен өзара іс-қимыл жөнінде саясатты бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік есепке алу саясатын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ еңбекке ақыл төлеу және қызметкерлерді әлеуметтік қолдау қағидаларын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ әкімшілік-басқару персоналының қызметін бағалау қағидаларын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ әкімшілік-басқару персоналын іздеу және іріктеу қағидалары;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-да 2017-2021 жылдарға HR (Стратегия – Адамдар) дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін мақұлдау туралы;
- Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары бойынша коммуникациялар жоспарын ұйымдастыру мәселелері жөнінде «Самұрық-Қазына» АҚ Қағидаларын бекіту;
- «Самұрық-Қазына» АҚ шетелдік өкілдіктермен көліктік қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы.

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ МҮДДЕЛІ МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

№	Мәміле атауы	«Самұрық-Қазына» АҚ шешімі
1	Негіздемелік келісімді және 2014 жылғы 31 қаңтардағы «БТА Банк» АҚ акцияларын сатып алу-сату № 373-и Шартына Қосымша келісім жасасу, осы шешімнің №1 және №2 қосымшаларына сәйкес нысанда, сәйкесінше;	«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 30.05.2017 жылғы № 139 шешімі
2	SAP бағдарламалық қамтылымды пайдалануға құқықтармен алмасу туралы келісім жасасу – Қор және «Қазпошта» АҚ арасында;	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 07.02.2017 жылғы № 04/17 шешімі
3	SAP бағдарламалық қамтылымды пайдалануға құқықтармен алмасу туралы келісім жасасу - между Қор және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ арасында;	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 12.04.2017 жылғы № 11/17 шешімі
4	«Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік Қоры» АҚ арасында жасалған 2009 жылғы 18 тамыздағы кредиттік желісін ашу туралы № 10/ФН шартына және 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 187-и, 2016 жылғы 31 наурыздағы № 575-и, 2016 жылғы 27 мамырдағы № 581-инесие шарттарына қосымша келісімдер жасасу;	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 25.05.2017 жылғы № 14/17 шешімі
5	Мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы және Қордың депозиттерін «DeltaBank» АҚ-ден «Қазпошта» АҚ-ға көшіру шарттары;	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 04.07.2017 жылғы № 21/17 шешімі
6	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ облигацияларын сатып алу;	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 25.08.2017 жылғы № 27/17 шешімі
7	«Самұрық-Қазына» АҚ және «ҚТЖ Жүк тасымалы» АҚ арасында жасалатын SAP бағдарламалық қамтылымды пайдалануға құқықтармен алмасу туралы келісім жасасу;	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 04.10.2017 жылғы № 32/17 шешімі
8	«Самұрық-Қазына» АҚ және «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ арасында жасалатын SAP бағдарламалық қамтылымды пайдалануға құқықтармен алмасу туралы келісім жасасу.	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 10.10.2017 жылғы № 33/17 шешімі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің Қорды сәтті басқару үшін талап етілетін деңгейдегі әрбір мүшесін тарту, ұстау және ынталандыру үшін жеткілікті болуы тиіс. Бұл ретте, бірде-бір тұлға жеке сыйақыға байланысты шешімдердің қабылдануына қатыспауы керек.

Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу Қордың Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№ 18 хаттама) бекітілген Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына және тәуелсіз директорлармен жасалған шарттарға сәйкес жүргізіледі. Мұндайда осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан Қор үшін күтілетін оң әсеріназарға алынады. Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директор лауазымына үміткердің сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді.

Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қор қызметінің ауқымы, даму стратегиясымен айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарастыратын мәселелердің күрделілігі, осы сияқты компаниялардағы сыйақылардың деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу жасау) назарға алынады.

Тәуелсіз директорларға бекітілген сыйақы және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің күндізгі отырыстарына қатысқандары үшін қосымша сыйақы төленеді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы келесі шарттарды орындаған жағдайда төленеді:

1. Қордың мүддесін анағұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәселдерді пайдалана отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал орындау;
2. шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны және Қордың ішкі құжаттарын басшылыққа алу;
3. науқастану, демалыс, іссапарды қоспағанда, Қордың директорлар кеңесі отырыстарына қатысу.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Қордың Директорлар кеңесі лауазымдық айлықақының мөлшерін, Қор Басқармасы Төрағасына және мүшелеріне еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды. Оларға сыйақы беруде Қордың Директорлар Кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті негізгі рөл атқарады.

Қордың Басқарма Төрағасына және мүшелеріне сыйақы беру жүйесі Қордың Директорлар кеңесімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасының және мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарына сәйкес айқындалады және өз ішінде лауазымдық айлықақыны, тиісті кезең үшін жұмыс қорытындысы бойынша сыйақыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай біржолғы сыйлықақыны қамтиды.

Тиісті кезең үшін жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы оны қол жеткізген жетістіктері үшін материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Басқарма Төрағасының және мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді.

Сыйақы төлеу үшін басты критерий – есеп беру жылы үшін шоғырландырылған қорытынды табыстың бар болуы болып табылады.

Қор Басқармасы Төрағасы және мүшелері Директорлар кеңесімен бағаланады. Бағалаудың басты критерийі алға қойған ҚБК қол жеткізу болып табылады.

Қордың Басқарма Төрағасына және мүшелеріне ынталандыру ҚБК Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетпен (ТСК) Қордың стратегиялық мақсаттарын қызметтің бизнес-процестері/бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге түрлендіру арқылы әзірленеді және Қордың Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Қор Басқармасы Төрағасына және мүшелеріне сыйақы Қордың Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қордың Директорлар кеңесімен белгіленген сыйақының шекті мөлшері шеңберінде жылдық аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің (ТСК) ұсынысын ескере отырып төленеді.

ТСК ұсынысы бойынша Басқарма Төрағасының және мүшелерінің қызмет нәтижелері бойынша сыйақы мына жағдайларда төленбей мүмкін:

1. жекеленген корпоративтік ҚБК шекті мәндерін орындамау;
2. функционалды ҚБК орындаудың қорытынды нәтижелілігі– 50% кем (қоса алғанда).

Сөйтіп, басқарушы қызметкерлер қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ынталандыру жүйесі олардың нәтижелілігінің өсуі және басқарушы қызметкерлерді көтермелеу арасында анық байланысты қамтамасыз етеді.

Уәкілетті органның шешімі негізінде Басқарма Төрағасымен немесе Қордың Басқарма мүшесімен оның әрекет ету мерзімі аяқталғаннан бұрын еңбек шартын тоқтатқан жағдайда, оған еңбек шартын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін төрт лауазымдық айлықақы мөлшерінде өтемақы төленеді.


Басқарма мүшелерінің сыйақысы жалпы сомада 2017 жылдың 31 желтоқсанымен аяқталатын жыл үшін 541 миллион теңгені құрайды. Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы жалақы бойынша шығыстардан, салық және зейнетақы аударымдарын қоса есептегенде және бір жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша бақса да төлемдерден құрылған.



ҚОСЫМША

Глоссарий

Байланыс ақпараты




ГЛОССАРИЙ

Осы Жылдық есепте келесі анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылды:

Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
%	Пайыз
BAC	«British Aircraft Corporation» компаниясы
CFAR	Constant false alarm rate, жалған үрейдің тұрақты ықтималдығы, CFAR бейімдеу алгоритмі
CIMA	Chartered Institute of Management Accountants, Басқару есебі жөніндегі сертификатталған маман
CNCEC	China National Chemical Engineering Co.,Ltd
EMBA	Executive MBA, Қашықтықтан оқытудың Іскерлік Әкімшіліктеу Шебері
EVA	Экономикалық қосылған құн
GAP-талдау	Ажырауды саралау — стратегиялық талдау әдісі, соның көмегімен белгіленген мақсатқа қолжеткізуде қадамдарды іздеу жүзеге асырылады
GR	Government Relations, Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл
GRI	Global Reporting Initiative, Есептілік жөніндегі ғаламдық бастама
HR	Human Resources, Адами ресурстарды басқару
IFSWF	Егеменді әл-ауқат қорларының халықаралық форумы
IoD	Ұлыбритания Директорлар Институты
IPO	Initial Public Offering, акцияларды алғашқы жария орналастыру
KZT	Қазақстандық теңге
LLM	Master of Laws, Құқық магистрі
MBA	Master of Business Administration, Іскерлік Әкімшіліктеу шебері
MD&A	Management discussions and analysis, Басқаруды талқылау және талдау
PhD	Ғылым кандидаты
QAZAQ AIR, «QAZAQ AIR» АҚ	«QAZAQ AIR» Акционерлік қоғамы
ROIC	Инвестицияланған капиталдың рентабельділігі коэффициенті
USD, \$, АҚШдолл.	АҚШ доллары
АДБ	Азия Даму Банкі
ACCA	The Association Of Chartered Certified Accountants, Сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығы
ӘБП	Әкімшілік басқару персоналы
АЭФ	Астана Экономикалық Форумы
ҚР ЕДБ	Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері
ДБ	Дүниежүзілік банк
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
РФ Ішкі істер Министрлігінің БҒЗИ	«Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің Бүкілресейлік ғылыми-зерттеу институты» Федералды мемлекеттік қазынашылық мекемесі
ТОТЖ	Талшықты-оптикалық тарату желісі
МСҚБ	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы
ҚМДБ	Қытай Мемлекеттік Даму Банкі
Қор тобы	Қор, компаниялар, дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50% астамы компанияларға тиесілі олардың еншілес ұйымдары, сонымен қатар дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50% астамы компаниялардың аталған еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар

МАЭ	Мемлекеттік аудандық электрстанциясы
ІББ	Ішкі істер бас басқармасы
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
Бірл.	Бірлік
ЕИБ	Еуропа Инвестициялық Банкі
ТЖҚБНА	Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бірыңғай номенклатуралы анықтамалығы. Ақпараттық анықтамалығы
ЕРС-келісімшарт	Engineering, procurement and construction, құрылыс саласында келісімшарт жасау тәсілі
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕОБ	Еуропа орталық банкі
ҚР БЭЖ	Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ТҚШ	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы
АЖ	Ақпараттық жүйе
ЭСАЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі
KEGOC, «KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» Акционерлік қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»
Қазпошта	«Қазпошта» Акционерлік қоғамы
ҚазКСР	Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы
ҚАӨ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» Акционерлік қоғамы
кВт.сағ.	Киловатт-сағат
ҚЖМ	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғарғы мектебі
ҚІК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс істері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару комитеті
ҚИ, «ҚИ» АҚ	«Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы
ҚМЭБИ	Қазақстан Менеджмент, экономика және болжау институты
КБК	Корпоративтік басқару кодексі
км	Километр
ҚМГ, «ҚМГ»ҰК»АҚ	«ҚазМұнайГаз»Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
Компаниялар, Қордың Қоржынды компаниялары	Дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50% астамы меншік немесе сенімді басқару құқығында Қорға тиесілі ұлттық компаниялар немесе басқа заңды тұлғалар
ХКӨК	Хош иісті көмірсутектер өндіру кешені
МТӨК	Мұнайды терең өңдеу кешені
ҚБК	Қызметтің басты көрсеткіші
ТТК	Тиімділіктің түйінді көрсеткіші
ТБЖІБЖ	Тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі
ҚТ	«Қазақтелеком» Акционерлік қоғамы
ҚТЖ, «ҚТЖ»ҰК» АҚ	«Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы
КО	«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік орталығы
МЗ	Кубтық метр

ИМ	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
МВт	Мегаватт
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
млн	Миллион
млрд	Миллиард
ҚР ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЖҚ	Жергілікті қамту
ШОК	Шағын және орта кәсіпкерлік
ҚЕХС	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
МЭСИ	Мәскеу экономикалық-статистикалық институты
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
МЕА	Материалдық емес активтер
МҚӨЗ	Мұнай қайта өңдеу зауыты
ҰКП	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
МХЗ	Мұнай-химия зауыты
ЖӘШ	Жалпы және әкімшілік шығыстар
НҚ	Негізгі құрал/Негізгі құралдар
ОТӨ	Отандық тауар өндірушілер
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
АБІ	Алдын ала біліктілігі бойынша іріктеу
ЭО посты	Электрлік орталықтандыру посты
БТ	Басқарма Төрағасы
ЖСҚ	Жобалық-сметалық құжаттама
ҚР	Қазақстан Республикасы
АІБ	Аудандық ішкі істер бөлімі
ТСШ	Тасымалдау және сату шығыстары
РФ	Ресей Федерациясы
СФА	Chartered Financial Analyst, Дипломдалған Қаржы аналитигі
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
ДК	Директорлар кеңесі
СКМ	«Самұрық-Қазына» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы маркетинг» порталы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ҚМЖ	Құрылыс-монтаждау жұмыстары
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достығы
ӨҚ	Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны
КСРО	Кеңес социалистік республикалар одағы
СОБҚ	Сигнализация, орталықтандыру және бұғаттау құрылғысы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары



С-Э, «Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
ТКС, «Тау-Кен Самұрық»	«Тау-Кен Самұрық» акционерлік қоғамы
«Біріккен химиялық компания» ЖШС, БХК	«Біріккен химиялық компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
трлн	Триллион
мың.	Мың
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ЖЭС	Жылу электрстанциясы
ҰӘҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры(лары)
Орталық	Stewardship Asia Centre
дана	Дана
ЭБК	Электрондық банктік кепілдік
Эйр Астана, «Эйр Астана» АҚ	«Эйр Астана» акционерлік қоғамы



Байланыс ақпараты

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы

010000, Астана қаласы,

Заңды: Қонаев көш.,8, Б Блогы

Нақты: Қонаев көш.,8, Б Блогы

Кеңсе: +7(7172) 554-001

Факс: +7 (7172) 554-000

«Самұрық-Қазына» АҚ болжалды бұзушылықтар туралы хабарлау үшін

сенім телефоны: 8 (800) 080 19 94

Пошта: sk.hotline@deloitte.kz

Сайты: www.sk.deloitte-hotline.com

Қор сатып алуларын жүзеге асыруды бақылау сұрақтары бойынша: + 7(7172) 559274

Қор активтерін жекешелендіру мәселелері бойынша: + 7 (7172) 552266.

Инвесторлармен байланыс жөніндегі департаментке қатысты сұрақтар оның
мына мекенжайына жіберуге болады ir@sk.kz

Осы Жылдық есеп бойынша сұрақтарды Корпоративтік басқару департаментінің
мына мекенжайына жіберуге болады governance@sk.kz